## 2 саусақ көмегімен қысып масштабтау

Екі саусақ көмегімен қысып масштабтау қимылдары суреттерді немесе мәтінді кішірейтуге немесе үлкейтуге мүмкіндік береді.

- Ірілеу үшін, екі саусақты сенсорлы тақтада қысып ұстаңыз, одан кейін саусақтарды жан-жаққа жылжытыңыз.
- Кішірейту үшін, екі саусақты сенсорлы тақтаға арасын алшақ қойып, одан кейін олардың арасын жақындастыңыз.



## 2 саусақпен басу

2 саусақпен басу экрандағы нысан үшін мәзір таңдауларын жасауға мүмкіндік береді.



**ЕСКЕРТПЕ:** 2 саусақпен басу қимылын пайдалану – тінтуірдің оң түймесін басу сияқты әрекет.

- Сенсорлы тақта аймағына екі саусақты қойып, таңдалған нысаннның опциялар мәзірін ашу үшін басыңыз.




### Айналдыру (тек таңдаулы үлгілерде)

Айналдыру мүмкіндігі фотосурет сияқты элементтерді бұруға мүмкіндік береді.

- Сол сүқ саусақты сенсорлы тақта аймағында тіреңіз. Оң сүқ саусақты сағат тілімен 90 градус жүргізіңіз. Кері айналдыру үшін, сүқ саусағыныңды сағат тіліне қарсы 90 градус жүргізіңіз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Айналдыру қымылды нысан немесе кескінді жылжытуға болатын арнайы бағдарламаларға арналған. Бұл қымыл барлық бағдарламаларда жұмыс істемеуі мүмкін.



### Жүргізіп өту (тек таңдаулы үлгілерде)

Жүргізіп өту экрандарда жылжуға немесе құжаттарды жылдам қарап шығуға мүмкіндік береді.

- Сенсорлы тақта аймағына үш саусақты қойып, жеңіл, жылдам қозғалыспен саусақтарыныңды жоғары, төмен, солға немесе оңға жүргізіп өтіңіз.




### Жиектерді сипау (тек таңдаулы үлгілерде)

Жиектерді сипау қымылды параметрлерді өзгерту және бағдарламаларды табу немесе пайдалану сияқты тапсырмаларды орындауға компьютердердегі құралдар тақталарына қатынауға мүмкіндік береді.

#### Оң жақ жиекті сипау

Саусақты оң жақ жиектен жылжыту іздеуге, бөлісуге, қолданбаларды іске қосуға, құрылғыларға қол жеткізуға немесе параметрлерді өзгертуге мүмкіндік беретін шебер түймелерді ашады.

- Шебер түймелерді көрсету үшін саусағыңызды оң жақ жиектен жылжытыңыз.



#### Сол жақ жиекті сипау

Сол жақ жиекті сипау арқылы жақында ашылған бағдарламалар тізімін көрсетіп, оларға жылдам аудыса аласыз.

Жақында ашылған қолданбалар арасында қозғалу үшін саусағыңызben сенсорлы тақтаның сол жақ жиегінен сипап өтіңіз.

- Бағдарламалар арасында ауысу үшін сенсорлы тақтаниң сол жақ жиегінен саусағынызды сырғытыңыз.




#### Саусақты үстіңгі жиектен жылжыту

Саусақты үстіңгі жиектен жылжыту арқылы бағдарламаларды өзгертуге мүмкіндік беретін бағдарламаларды басқару опциялары көрсетіледі.



**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Бағдарлама ашық кезде, саусақты үстіңгі жиектен жылжыту қимылы бағдарламаға байланысты әртүрлі болады.

- Бағдарламаларды басқару опцияларын көрсету үшін саусақты үстіңгі жиектен ақырын жылжытыңыз.



## Пернетақтаны пайдалану

Пернетақта және тінтуір сенсорлы экрандағы қимылдар сияқты теруге және бірдей функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пернетақта арнайы функцияларды орындау мақсатымен әрекет пернелері мен жылдам пернелерді пайдалануға мүмкіндік береді.



**КЕҢЕС:** Пернетақтадағы Windows пернесі ашық болған бағдарламадан немесе Windows жұмыс үстелінен бастау экранына жылдам оралуға мүмкіндік береді. Windows пернесін қайта басу алдыңғы экранға қайтарады.




**ЕСКЕРТПЕ:** Еліңізге/аймағыңызға байланысты, пернетақтаның пернелері мен пернетақта функциялары осы бөлімде сипатталғаннан өзгешелеу болуы мүмкін.

## Windows жүйесінің пернелер тіркесімдерін пайдалану

Windows жүйесі әрекеттерді жылдам орындау үшін пернелер тіркесімдерін қамтамасыз етеді. Арнайы әрекетті орындау үшін, Windows пернесінің өзін немесе арнайы пернемен бірге басыңыз.

### Жылдам пернелерді анықтау

Жылдам перне дегеніміз **fn** пернесінің **(2)** және **esc** пернесі **(1)** немесе функционалдық пернелердің біреуінің **(4)** тіркесімі.



Пerneler tіrkесіmіn пайдалану:

- ▲ **fn** пернесін аз уақыт басыңыз, одан кейін пернелер тіркесімінің екінші пернесін басып қалыңыз.

Пerneler tіrkесіmі	Сипаттама
<b>fn+esc</b>	Жүйе ақпаратын көрсетеді.
<b>fn+f1</b>	Үйқылық күйді қосады, бул ақпаратыңызды жүйелік жадқа сақтайды. Дисплей және жүйенің басқа бөліктері өшеді, ал қуат қосулы қалады. Үйқылық күйден шығу үшін, қуат түймешігін басып қалыңыз.


**ЕСКЕРТУ:** Ақпаратты жоғалтпау үшін, үйқылық күйді қоспас бұрын жұмысты сақтаңыз.

<b>Пернелер тіркесімі</b>	<b>Сипаттама</b>
	<p><b>fn+f3</b> Пернетақта жарықтандырышын қосады және сөндіреді.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Пернетақтаның артқы жарығы зауытта іске қосылады. Батарея қызмет мерзімін арттыру үшін пернетақта жарықтандырышын өшіріңіз.</p>
	<p><b>fn+f4</b> Жүйеге қосылған дисплейлердің арасында экран кескінін ауыстырып көрсетеді. Мысалы, компьютерге монитор қосылған болса, <b>fn+f4</b> пернелер тіркесімін қайта-қайта басу экрандың суретті компьютер және монитордың екеуінде де бірдей көрсетілу үшін компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырады.</p> <p>Сыртқы мониторлардың басым бөлігі компьютерден бейне ақпаратын сыртқы VGA бейне стандарты арқылы қабылдайды. <b>fn+f4</b> жылдам пернелері компьютерден бейне ақпарат алатын басқа құрылғылардағы бейнелерді де ауыстырып қосуы мүмкін.</p>
	<p><b>fn+f5</b> Экран жарықтығының деңгейін төмендетеді.</p>
	<p><b>fn+f6</b> Экран жарықтығының деңгейін ұлғайтады.</p>
	<p><b>fn+f8</b> Үндептіш дыбысын төмендетеді.</p>
	<p><b>fn+f9</b> Үндептіш дыбысын жоғарылатады.</p>
	<p><b>fn+f10</b> Микрофонды үнсіздендіреді.</p>
Тоқтатып тұру	<p><b>fn+R</b> Әрекетті тоқтатып тұрады немесе тоқтатады.</p>
Жылжу құлппы	<p><b>fn+C</b> Ұяны құлпыптаиды.</p>
Sys Rq	<p><b>fn+S</b> Бағдарламалау сұрауын жібереді.</p>

## Пернетақталарды пайдалану

Компьютерде енгізілген сандық пернетақта немесе кірістірілген сандық пернетақта болады, сондай-ақ компьютермен қосымша сыртқы сан пернетақтасын немесе сан пернетақтасы бар қосымша сыртқы пернетақтаны да қолдануға болады.

## Енгізілген сандық пернетақтаны пайдалану



### Бөлік

### Сипаттама

(2) **fn** пернесі

**num lock** пернесімен бірге басылғанда, орнатылған сандық пернетақтаны қосады және өшіреді.

**ЕСКЕРТПЕ:** Сыртқы пернетақта немесе сандар пернетақтасы компьютерге жалғанғанда, орнатылған сандар пернетақтасы жұмыс істемейді.

(4) Енгізілген сандық пернетақта

Қосылғанда, пернетақтаны сыртқы сандар пернетақтасы ретінде қолдануға болады.

Пернетақтаның әр пернесі оның жоғары он жақ бүрышындағы белгіше көрсететін функцияны орындайды.

(7) **num lock** пернесі

**fn** пернесімен бірге басылғанда, орнатылған сандар пернетақтасын қосады және сөндіреді.

**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер өшірілгенде белсенді болып тұрған пернетақта функциясы компьютер қайта қосылғанда қалпына келеді.

## Енгізілген сандық пернетақтаны қосу және өшіру

Орнатылған сандық пернетақтаны қосу үшін **fn+num lock** пернелерін басыңыз. Орнатылған сандық пернетақтаны өшіру үшін **fn+num lock** пернелерін қайта басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Сыртқы пернетақта немесе сандық пернетақта компьютерге жалғанғанда, енгізілген сандық пернетақта өшеді.

## Енгізілген сандық пернетақтадағы перне функцияларын аудыстыру


Енгізілген сандық пернетақтадағы пернелердің функцияларын стандартты пернетақта функциялары ретінде де, сандар пернетақтасы функциялары ретінде де қолдануға болады.

- Сандық пернетақта өшірүлі күйде болғанда, оның пернесінің шарлау функциясын пайдалану үшін, пернетақта пернесімен бірге **fn** пернесін басып ұстап тұрыңыз.
- Пернетақта қосылып тұрғанда, пернетақта пернесінің стандартты функциясын қолдану:

- Кіші әріппен жазу үшін, **fn** пернесін басып, ұстап тұрыңыз.
- Бас әріппен жазу үшін, **fn+shift** пернелер тіркесімін басып, ұстап тұрыңыз.

## Кірістірілген сандар пернетақтасын қолдану (таңдаулы үлгілерде ғана)

Компьютерде кірістірілген сандық пернетақта болады, сондай-ақ компьютермен қосымша сыртқы сан пернетақтасын немесе сан пернетақтасы бар қосымша сыртқы пернетақтаны да қолдануға болады. Кірістірілген сандық пернетақта туралы ақпаратты [Пerneler \(13-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.



Бөлік	Сипаттама
(1) num lock пернесі	Кірістірілген сандық пернетақтада жылжу функциясын және сандар функциясын атқарады. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Компьютер өшірілгенде белсенді болып тұрған пернетақта функциясы компьютер қайта қосылғанда қалпына келеді.
(2) Кірістірілген сандық пернетақта	num lock пернесі қосылғанда, оны сыртқы сандық пернетақта ретінде пайдалануға болады.

## Қосымша сыртқы сандық пернетақтаны пайдалану

Көптеген сыртқы сандық пернетақтардағы пернелер num lock қызметінің қосулы немесе өшірулі болуына байланысты әртүрлі қызмет атқарады. (Num lock зауытта өшіріледі.) Мысалы:

- num lock қосулы болғанда, пернетақта пернелерінің көбі сандарды тереді.
- num lock өшірулі болғанда, пернетақта пернелерінің көбі көрсеткі, page up немесе page down пернелері сияқты жұмыс істейді.

Сыртқы пернетақтада num lock функциясы қосулы болса, компьютердердегі num lock шамы жаңып тұрады. Сыртқы пернетақтадағы num lock функциясы өшірулі болса, компьютердердегі num lock шамы сөніп тұрады.

Жұмыс істегендегі, сыртқы пернетақтадағы num lock қызметін қосу немесе өшіру үшін:

- ▲ Компьютердегі емес, сыртқы пернетақтадағы **num lk** пернесін басыңыз.

## 5 Мультимедиа

Бұл компьютердің құрамында келесі құрылғылар болуы мүмкін:

- Кірістірлген ұндеткіш(тер)
- Кірістірлген микрофон(дар)
- Кірістірлген веб-камера
- Алдын ала орнатылған мультимедиалық бағдарламалық құралдар
- Мультимедия түймешіктері немесе пернелері

### Медиа белсенділігі пернелерін пайдалану

Компьютер моделіне байланысты, медиа файлын ойнату, тоқтата тұру, алға айналдыру немесе кері айналдыруға мүмкіндік беретін төмендегідей медиа белсенділігін басқару элементтері жұмыс істеуі мүмкін:

- Медиа түймешіктері
- Медиа жылдам пернелері ([fn](#) пернесімен бірге басылатын арнайы пернелер)
- Медиа пернелері

### Аудио

Компьютерізде немесе сыртқы оптикалық дискіні пайдаланатын кейбір үлгілерде музика ықшам дискілерін ойнатуға, музыканы жүктеуге және тыңдауға, вебтегі аудио мазмұнды (соның ішінде радионы) тыңдауға, дыбыс жазуға немесе мультимедиа файлын жасау үшін дыбыс пен бейнені біріктіруге болады. Тыңдау әсерін жақсарту үшін, ұндеткіштер немесе құлақаспаптар сияқты сыртқы дыбыс құрылғыларын жалғаңыз.

### Ұндеткіштерді қосу

Сымды ұндеткіштерді компьютердегі немесе USB портына (немесе компьютердегі не қондыру тұғырындағы аудио шығыс (құлақаспап)/аудио кіріс (микрофон) комбо ұсынына) жалғау арқылы қосуға болады.

Сымсыз ұндеткіштерді компьютерге қосу үшін, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз. Дыбыс құрылғыларын қосу үшін, дыбыс деңгейін реттеңіз.

### Дыбыс деңгейін реттеу

Компьютеріздің үлгісіне байланысты, дыбыс деңгейін мына пернелер көмегімен реттеуге болады:

- Дыбыс деңгейі түймешіктері
- Дыбыс деңгейін басқаруға арналған пернелер тіркесімдері ([fn](#) пернесімен бірге басылатын арнайы пернелер)
- Дыбыс деңгейін реттеу пернелері

**⚠ АБАЙ БОЛЫҚЫЗ!** Жарақаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспап немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қауіпсіздік туралы қосымша ақпарат алу үшін, Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер нұсқаулығын қараңыз. Осы нұсқаулықты ашу үшін, Пуск (Бастау) экранына поддержка (қолдау) сөзін теріп, **HP Support Assistant** (HP қолдау көмекшісі) бағдарламасын таңдаңыз.

**📝 ЕСКЕРТПЕ:** Дыбыс деңгейі амалдық жүйе және кейбір бағдарламалар арқылы басқарылады.

**📝 ЕСКЕРТПЕ:** Компьютеріңіздегі дыбыс деңгейін басқару құралдары туралы ақпаратты [Компьютермен танысу \(4-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

## Құлақаспаптарды қосу

Сымды құлақаспаптарды компьютердегі аудио шығыс (құлақаспап)/аудио кіріс (микрофон) үясына қосуға болады.

Компьютерге сымсыз құлақаспаптарды жалғау үшін, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

**⚠ АБАЙ БОЛЫҚЫЗ!** Жарақаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспаптар немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс қаттылығын төмендетіңіз. Қауіпсіздік туралы қосымша ақпарат алу үшін, Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер нұсқаулығын қараңыз.

## Микрофонды қосу

Дыбысты жазу үшін, микрофонды компьютердегі аудио шығысы (құлақаспап) үясына/аудио кірісі (микрофон) комбо үясына жалғаңыз. Жазу кезінде жақсы нәтиже алу үшін, микрофонға тікелей сөйлеп, артқы шу жоқ параметрде дыбысты жазыңыз.

## Құлақаспаптарды және микрофондарды қосу

Сымды құлақаспаптарды және гарнитураларды компьютердегі аудио шығыс (құлақаспап) /аудио кіріс (микрофон) комбо үяларына қосуға болады. Ішкі микрофоны бар гарнитуралар сатылады.

Компьютерге **желісіз** құлақаспаптарды не гарнитураларды қосу үшін, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

**⚠ АБАЙ БОЛЫҚЫЗ!** Жарақаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспаптар немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс қаттылығын төмендетіңіз. Қауіпсіздік туралы қосымша ақпарат алу үшін, Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер нұсқаулығын қараңыз. Осы нұсқаулықты ашу үшін, Пуск (Бастау) экранына поддержка (қолдау) сөзін теріп, **HP Support Assistant** (HP қолдау көмекшісі) бағдарламасын таңдаңыз.

## Компьютерде аудио функцияларын тексеру

**📝 ЕСКЕРТПЕ:** Жазу кезінде жақсы нәтиже алу үшін, микрофонға тікелей сөйлеп, артқы шу жоқ параметрде дыбысты жазыңыз.

Компьютердің дыбыс функцияларын тексеру үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранынан панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін **Панель управления** (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз.
2. **Оборудование и звук** (Аппараттық құрал және дыбыс), одан кейін **Звук** (Дыбыс) тармақтарын таңдаңыз.
3. Звук (Дыбыс) терезесі ашылғанда, **Звуки** (Дыбыстар) қойындысын басыңыз. **Программные события** (Бағдарламалық оқиғалар) параметрі астынан дыбыс сигналы немесе ескерту дыбысы

сияқты кез келген дыбыс оқиғасын таңдаңыз, одан кейін **Проверить** (Тексеру) түймешігін басыңыз.

Дыбысты ұндеткіштер немесе қосылған құлақаспаптар арқылы естуіңіз қажет.

Компьютердің жазу функцияларын тексеру үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранына **звук** (дыбыс) сөзін жазыңыз, одан кейін **Звукозапись** (Дыбыс жазба) опциясын таңдаңыз.
2. **Начать запись** (Жазуды бастау) түймешігін басып, микрофонмен сөйлемін.
3. Файлды жұмыс үстеліне сақтаңыз.
4. Мультимедиалық бағдарламаны ашыңыз және дыбысты ойнатыңыз.

Компьютерде аудио параметрлерін құптау немесе өзгерту үшін

1. Бастау экранынан **панель управления** (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін **Панель управления** (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз.
2. **Оборудование и звук** (Аппараттық құрал және дыбыс), одан кейін **Звук** (Дыбыс) тармақтарын таңдаңыз.

## Веб-камера (тек таңдаулы үлгілерде)

Кейір компьютерлерде кірістірлген веб-камера бар. Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдың көмегімен сурет немесе бейне түсіру үшін веб-камера пайдалана аласыз. Фотосуреттерді немесе жазылған бейне қарап шығуға немесе сақтауға болады.

Веб-камера бағдарламалық құралы мынадай мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік береді.

- Бейне түсіріп, ортақ пайдалану
- Жылдам хабар алмасу бағдарламалық құралының көмегімен бейне дерек алу
- Дыбыссыз суретке түсіру

## Touch to share (Ортақтастыру үшін басу) (тек таңдаулы үлгілерде)

Компьютерізде қосымша Near Field Communication (NFC) аппараттық құралы бар, ол NFC мүмкіндігі іске қосылған құрылғылар арасындағы сымсыз ортақтасу үшін ақпаратын көругі мүмкіндік береді. NFC технологиясымен веб-тораптарлы ортақ пайдалануға, байланыс ақпаратын тасымалдауға және NFC қолдайтын принтерлердегі басып шығару үшін тұрту мүмкіндігін пайдалануға мүмкіндік береді.



**КЕҢЕС:** Қосымша NFC мүмкіндіктерін бере алатын NFC бағдарламаларын жүктеп алуға болады.



**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Ортақ пайдалануды бастамас бұрын, құрылғыларыныңда NFC мүмкіндігінің іске қосылғанына көз жеткізіңіз. NFC мүмкіндігіне Windows 8 құрылғыларында жұмыс істеуге мүмкіндік беру үшін sBeam сияқты кейір қызметтерді ажырату керек болуы мүмкін. Құрылғының Windows 8 жүйесімен үйлесімді екеніне сенімді болу үшін NFC құрылғысының жасаушысын тексеріңіз.


## Ортақ пайдалануды бастау

Құрылғыңыз берін компьютеріңіздің арасында ортақ пайдалануды бастау үшін NFC құрылғысын компьютермен жалғаңыз.

1. Ортақтасқыңыз келген элементті ашыңыз.

- Екі NFC антеннасын біріктіріп ұстаңыз. Антенналар бір-бірін таныған кезде, дыбыс естілуі мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ:** NFC антеннасы компьютердегі сенсорлы тақта астында орналасқан. Басқа құрылғыдағы NFC антеннасының орнын табу үшін, құрылғы нұсқауларын қараңыз.



- Құрылғыңыздан тасымалдауды бастауды сұрайтын хабарды және тасымалданатын нәрсені қабылдауды сұрайтын хабарды көруге болады. Тасымалданатын нәрсені қабылдау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Бейне

Бұл НР компьютері таңдаулы веб-тораптардағы таратылатын бейнені көруге және желіге қосылмай-ақ компьютерден тамашалау үшін бейнелер мен фильмдерді жүктеп алуға мүмкіндік беретін қуатты бейне құрылғысы болып табылады.

Көруге байланысты әрекеттеріңізді жақсарту мақсатында компьютерді сыртқы монитор, проектор немесе теледидарға қосу үшін, бейне порттардың бірін пайдаланыңыз. Ал кейбір компьютерлерде ажыратымдылығы жоғары мониторды немесе теледидарды қосуға мүмкіндік беретін HDMI порты болады.

Компьютерде мына сыртқы бейне порттардың біреуі немесе бірнешеуі болуы мүмкін:

- VGA
- DisplayPort


 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Сыртқы құрылғының дұрыс кабель арқылы компьютердегі дұрыс үяға қауіпсіз түрде жалғанғандығына көз жеткізіңіз. Сұрақтарыңыз болса, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын қараңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютеріңіздің видео порттары туралы ақпаратты [Компьютермен танысу \(4-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

## VGA

Сыртқы монитор порты немесе VGA порты аналогтық дисплей интерфейсі болып табылады, ол сыртқы VGA мониторы сияқты VGA дисплей құрылғысын немесе VGA проекторын компьютерге қосады.

1. Монитордың не проектордың VGA кабелін компьютердегі VGA портына суретте көрсетілгендей жалғаңыз.



2. Экрандағы суретті 4 түрлі көрсету күйіне аудиостырып қосу үшін, **fn+f4** пернесін басыңыз:

- **ДК экраны ғана:** экрандағы кескінді тек компьютерден көрү.
- **Қос:** экрандағы кескінді бір уақытта компьютер мен сыртқы құрылғының екеуінен де көрү.
- **Кеңейтілген:** экрандағы кескінді компьютер мен сыртқы құрылғының екеуінен көрү.
- **Екінші экран ғана:** экрандағы кескінді тек сыртқы құрылғыдан көрү.

**fn+f4** пернесі басылған сайын, көрсету күйі өзгереді.

**ЕСКЕРТПЕ:** Жақсы нәтиже үшін, егер «Дополнительные» (Қосымша) опциясы таңдалған болса, сыртқы құрылғының экран ажыратымдылығын мына жолмен реттеңіз. Бастау экранынан панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін **Панель управления** (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз. **Оформление и персонализация** (Безендіру және даралау) пәрменін таңдаңыз. **Дисплей** ішінен **Настройка разрешения экрана** (Экран ажыратымдылығын реттей) параметрін таңдаңыз.

## Қосарлы режимі бар DisplayPort


Dual-Mode DisplayPort порты компьютерді ажыратымдылығы жоғары теледидар сияқты видео немесе дыбыстық құрылғыларға немесе кез-келген үйлесімді сандық немесе дыбыстық құрылғыларға жалғайды. Сыртқы VGA монитор портымен салыстырғанда Dual-Mode DisplayPort өнімділігі жоғары болып, сандық қосылышты жақсартады.

**ЕСКЕРТПЕ:** Бейне және/немесе дыбыс сигналдарын Dual-Mode DisplayPort порты арқылы жіберу үшін, Dual-Mode DisplayPort кабелі (бөлек сатылады) керек болады.

**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютердің Dual-Mode DisplayPort портына бір ғана Dual-Mode DisplayPort құрылғысын жалғаға болады. Компьютер экранындағы ақпарат бір мезгілде Dual-Mode DisplayPort құрылғысында да көрсетіледі.

Бейне немесе аудио құрылғысын Dual-Mode DisplayPort портына жалғау үшін:

1. Dual-Mode DisplayPort кабелінің бір ұшын компьютердегі Dual-Mode DisplayPort портына жалғаңыз.



2. Кабельдің екінші ұшын сандық дисплей үясына жалғаңыз.
3. Компьютер экранындағы кескінді 4 түрлі көрсету күйіне аудыстырып қосу үшін, **fn+f4** пернесін басыңыз:
  - **ДК экраны ғана:** экрандағы кескінді тек компьютерден көрү.
  - **Қос:** экрандағы кескінді бір уақытта компьютер мен сыртқы құрылғының екеуінен де көрү.
  - **Кеңейтілген:** Экрандағы кескінді компьютер мен сыртқы құрылғының екеуінен көрү.
  - **Екінші экран ғана:** экрандағы кескінді тек сыртқы құрылғыдан көрү.**fn+f4** пернесі басылған сайын, көрсету күйі өзгереді.

**ЕСКЕРТПЕ:** Жақсы нәтиже үшін, егер «Дополнительные» (Косымша) опциясы таңдалған болса, сыртқы құрылғының экран ажыратымдылығын мұна жолмен реттеңіз. Бастау экранынан панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін **Панель управления** (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз. **Оформление и персонализация** (Безендіру және даралау) пәрменін таңдаңыз. **Дисплей** ішінен **Настройка разрешения экрана** (Экран ажыратымдылығын реттеу) параметрін таңдаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Құрылғы кабелін алу үшін, оны компьютерден ажыратуға қосқыш ілгекті басыңыз.

## MultiStream Transport технологиясын пайдаланып, сымды дисплейлерді табу және оларға қосылу

MultiStream Transport (MST) компьютердегі VGA немесе Дисплей порттарына, әрі сыртқы хабтағы немесе қондырма станциясындағы VGA немесе Дисплей порттарына жалғап, бірнеше сымды дисплей құрылғыларын компьютерге жалғау мүмкіндігін береді. Компьютерде орнатылған графикалық контроллер түріне немесе компьютерде орнатылған хабтың болуына қарай, байланысты бірнеше жолмен орнатуға болады. Компьютерге орнатылған аппараттық құралдарды көру Құрылғылар басқарушысы бөлімін қараңыз.

1. Бастау экранынан панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріп, одан кейін **Панель управления** (Басқару тақтасы) пәрменін таңдаңыз.
2. **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) пәрменін, **Система** (Жүйе) пәрменін таңдаңыз, одан кейін сол жақ бағанда **Диспетчер устройств** (Құрылғылар басқарушысы) тармағын нұқтыңыз.

## Дисплейлерді компьютерлерге AMD немесе Nvidia графикалық картасы (қосымша хабы бар) арқылы қосу

 **ЕСКЕРТПЕ:** AMD сызбалық контроллері және қосымша хаб көмегімен ең көп 3-ке дейін сыртқы дисплей құрылғысын қосуға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Nvidia® сызбалық контроллері арқылы 3-ке дейін сыртқы дисплей құрылғысын қосуға болады.

Бірнеше дисплей құрылғысын орнату үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. DP-to-DP кабелімен (бөлек сатып алғынады) сыртқы хабты (бөлек сатып алғынады) компьютердегі DisplayPort қосыңыз. Концентратордың қуат адаптері айнымалы ток қуатына қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. Сыртқы дисплей құрылғыларын хабтағы VGA немесе DisplayPorts порттарына жалғаңыз.
3. Бастау экранында іздеу жолағына разрешение экрана (экран ажыратымдылығы) деп жазыңыз немесе **fn+f4** пернелер тіркесімін басыңыз. Қосылған дисплейлердің бәрін көрмесеңіз, әр құрылғының концентратордағы тиісті портқа қосылғанын тексеріңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бірнеше дисплей құрылғысының нұсқалары барлық қосылған дисплейлердегі компьютер экраны айнасын беретін **Дублировать** (Көшірмелу) немесе компьютер экранын барлық қосылған дисплейлерге жаятын **Расширить** (Кеңейту) опциясын қамтиды.

## Дисплейлерді Intel графикалық картасы бар компьютерге (қосымша хаб арқылы) қосу

 **ЕСКЕРТПЕ:** Intel сызбалық реттегішімен және қосымша хабпен ең көп 3 дисплей құрылғысын қосуға болады.

Бірнеше дисплей құрылғысын орнату үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. DP-to-DP кабелімен (бөлек сатып алғынады) сыртқы хабты (бөлек сатып алғынады) компьютердегі DisplayPort қосыңыз. Концентратордың қуат адаптері айнымалы ток қуатына қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. Сыртқы дисплей құрылғыларын хабтағы VGA немесе DisplayPorts порттарына жалғаңыз.
3. Windows монитордың DP желі торабына қосылғанын анықтағанда, **DisplayPort Topology Хабарландыру** тілқатысу терезесі көрсетіледі. Дисплей параметрлерін реттеу үшін қажетті опцияларын басыңыз. Бірнеше дисплей нұсқалары барлық қосылған дисплей құрылғыларындағы экран кескінін кеңейтетін **Duplicate** (Қайталай) немесе компьютер экранын барлық қосылған дисплей құрылғыларына жаятын **Extend** (Кеңейту) мәндерін қамтиды.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Тілқатысу терезесі пайда болмаса, әрбір сыртқы дисплей құрылғысының хабтағы портқа дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Бастау экранына қосымша ақпарат алу үшін **screen resolution** (экран ажыратымдылығы) немесе **fn+f4** пернелер тіркесімін басыңыз сөзін жазып, одан кейін орындаңыз, экрандағы нұсқауларды.

## Intel графикасы (орнатылған хабты) бар компьютерлерге дисплейлерді қосу

Ішкі хаб және Intel графикалық басқарушы арқылы 3 дисплей құрылғыларын келесі конфигурациялармен қосуға болады:

- Компьютерге қосылған екі 1920 x 1200 DP мониторы + қосымша қондыру станциясына қосылған бір 1920 x 1200 VGA мониторы
- Компьютерге қосылған бір 2560 x 1600 DP мониторы + қосымша қондыру станциясына қосылған бір 1920 x 1200 VGA мониторы

Бірнеше дисплей құрылғысын орнату үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Сыртқы құрылғыларды VGA порттарына немесе компьютер негізіндегі немесе қондыру станциясындағы Displayport порттарына (DP) жалғау
2. Windows монитордың DP желі торабына қосылғанын анықтағанда, **DisplayPort Topology** **Хабарландыру** тілқатысу терезесі көрсетіледі. Дисплей параметрлерін реттеу үшін қажетті опцияларын басыңыз. Бірнеше дисплей нұсқалары барлық қосылған дисплей құрылғыларындағы экран кескінін кеңейтетін **Duplicate** (Қайталау) немесе компьютер экранын барлық қосылған дисплей құрылғыларына жаятын **Extend** (Кеңейту) мәндерін қамтиды.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Тілқатысу терезесі пайда болмаса, әрбір сыртқы дисплей құрылғысының хабтағы портқа дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Қосымша құпарат алу үшін Бастау экранына screen resolution (экран ажыратымдылығы) деп жазыңыз немесе **fn+f4** пернелер тіркесімін басыңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Miracast-үйлесімді сымсыз дисплейлерді табу және оларға қосылу (тек таңдаулы үлгілерде)

Ағымдағы ашық түрған бағдарламаларды жаппай, Miracast-үйлесімді сымсыз дисплейлерді табу және оларға қосылу үшін, мына қадамдарды орындаңыз.

Miracast ашу үшін

- ▲ Шебер түймелерді көрсету үшін экранның жоғарғы оң жақ немесе төменгі оң жақ бұрышына менゼңіз және **Устройства** (Құрылғылар) түймесін нұқып, **Проект** (Жоба) пәрменін таңдаңыз.  
– немесе –

Таңдаулы үлгілерде Бастау экранындағы **HP Quick Access to Miracast** (Miracast құрылғысына HP Quick кіру) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

# 6 Қуатты басқару



**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютерде қуат түймешігі немесе қуат қосқышы болуы мүмкін. Қуат түймешігі термині осы нұсқаулықта қуатты басқару элементтерінің екі түрін білдіреді.

## Компьютерді өшіру (сөндіру)



**ЕСКЕРТУ:** Компьютер өшірілген кезде сақталмаған мәліметтер жойылады.

Жұмысты аяқтау пәрмені амалдық жүйені қоса барлық ашық бағдарламаларды жауып, дисплей мен компьютерді өшіреді.

Төмендегі жағдайлар орын алғанда компьютерді өшіріңіз:

- Батареяны ауыстыру немесе компьютер ішіндегі бөліктерді қолдану қажет болғанда
- USB (Әмбебап тізбекті шина) портына қосылмаған сыртқы аппараттық құрылғыны қосқан кезде
- Компьютер ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған немесе сыртқы қуат көзінен ажыратылған кезде.

Компьютерді қуат түймешігі арқылы да өшіруге болатынымен, ұсынылатын үрдіс Windows өшіру пәрменін қолдану болып табылады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер үйқы немесе күту күйінде болғанда, жұмысты аяқтамас бұрын, қуат түймешігін басып қалу арқылы үйқы немесе күту күйінен шығу қажет.

1. Жұмысыныңды сақтап, барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
2. Мензерді бастау экранының жоғарғы немесе төменгі оң жақ бұрышына жылжытыңыз.
3. **Настройки** (Параметрлер), одан кейін **Питание** (Қуат) пәрмендерін таңдаңыз және **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) параметрін басыңыз.  
– немесе –

Экранның төменгі сол жақ бұрышындағы Пуск (Бастау) түймесін оң жақ түймесімен басып, **Завершить работу или Выйти из системы** (Жұмысты аяқтау немесе Жүйеден шығу) тармағын, сосын **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) пәрменін таңдаңыз.

Компьютер жауап бермес және жұмысты аяқтаудың алдыңғы процедурасын пайдалану мүмкін болмаса, келесі төтенше жағдай процедураларын көрсетілген кезекпен орындаңындар көріңіз:

- **ctrl+alt+delete** пернелер тіркесінін басыңыз. **Питание** (Қуат) белгішесін басыңыз, одан кейін **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) параметрін таңдаңыз.
- Қуат түймешігін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.
- Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.
- Пайдаланушы ауыстыратын батареясы бар үлгілердегі компьютерден батареяны шығарыңыз. Зауытта пломбаланған батареялар үлгілерде, қуат түймешігін кем дегендеге 15 секунд басып ұстап тұрыңыз.

# Қуат параметрлерін орнату

## Қуатты үнемдеу күйлерін пайдалану

Үйқылық күй зауытта іске қосылады.

Үйқылық күй қосылғанда, қуат шамдары жыптылықтап, экран тазарады. Жұмысыңыз жадқа сақталады.



**ЕСКЕРТУ:** Аудио және видео файлдарын ойнатудың мүмкін нашарлауы, аудио немесе бейне ойнату жұмысының жоғалуы немесе ақпараттың жоғалу қаупін азайту үшін, дискіден не сыртқы жадқа картасынан оқу немесе оған жазу кезінде үйқы күйін қоспаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер үйқылық күйде болғанда, желіге қосылудың кез келген түрін қосуды немесе компьютердің кез келген функцияларын орындан алмайсыз.

## Үйқылық күйді қосу және одан шығу

Компьютер қосулы болғанда келесі жолдардың кез келгенін қолданып үйқылық күйді қосуға болады:

- Қуат түймешігін тез басып қалыңыз.
- Мензерді бастау экранының жоғарғы немесе төменгі оң жақ бұрышына жылжытыңыз. Шебер түймелердің тізімі ашылғаннан кейін, **Настройки** (Параметрлер) тармағын таңдап, **Питание** (Қуат) белгішесін басыңыз және **Спящий** (Үйқылық) пәрменін таңдаңыз.

Үйқылық күйден шығу үшін, қуат түймешігін басып қалыңыз.

Компьютер үйқылық күйден шыққанда электр қуатының шамдары жанып, экранда жұмысыңыздың тоқтаған жері көрсетіледі.



**ЕСКЕРТПЕ:** Егер оянған кезде, құпия сөз сұрапатындағы орнатылған болса, жұмысты компьютерде жалғастыру үшін, Windows құпия сөзін енгізу қажет болады.

## Пайдаланушы таңдауымен күту күйін қосу немесе күйден шығу

Пайдаланушы таңдауымен күту күйін қосу және басқа қуат параметрлері мен күту үзілістерін өзгерту үшін «Қуат параметрлері» пәрменін пайдаланыңыз.

1. Бастау экранында параметры питания сөздерін теріңіз, содан **Параметры питания** (қуат параметрлері) тармағын таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтадан **Укажите действие кнопки питания** (Қуат түймешігінің әрекетін таңдаңыз) сілтемесін нұқыңыз.
3. **Изменение параметров, недоступных в данный момент** (Қазіргі уақытта қол жетімді емес параметрлерді өзгерту) параметрін таңдаңыз.
4. **При нажатии кнопки питания** (Қуат түймешігін басқан кезде) аймағында **Гибернация** (Күту) күйін таңдаңыз.
5. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) параметрін таңдаңыз.

Күту күйінен шығу үшін, қуат түймешігін тез басып қалыңыз. Қуат шамдары жанып, экранда жұмысыңыздың тоқтаған жері көрсетіледі.



**ЕСКЕРТПЕ:** Егер оянған кезде, құпия сөз сұрапатындағы орнатылған болса, жұмысты жалғастыру үшін, Windows құпия сөзін енгізу қажет болады.

## Қуат көрсеткішін және қуат параметрлерін қолдану

Қуат көрсеткіші Windows жұмыс үстелінде орналасқан. Қуат көрсеткіші қуат параметрлеріне жылдам кіруге және қалған батарея зарядын көруге мүмкіндік береді.

- Батарея зарядының қалған деңгейін және Windows жұмыс үстелінде орналасқан ағымдағы қуат жоспарын экранда көру үшін, меңзерді қуат көрсеткіші белгішесінің үстінен жүргізіңіз.
- Қуат параметрлерін пайдалану немесе қуат жоспарын өзгерту үшін, қуат көрсеткіші белгішесін басып, тізімнен бір тармақты таңдаңыз. Бастау экранында параметры питания сөздерін теріңіз, содан **Параметры питания** (куат параметрлері) тармағын таңдаңыз.

Әртүрлі қуат көрсеткішінің белгішелері компьютердің батарея қуатымен немесе сыртқы қуатпен жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. «Заряд төмен» деңгейіне немесе «Заряд өте төмен» деңгейіне жеткенде, белгіше хабар шығарады.

## Оянған кезде сұралатын құпиясөзбен қорғау

Компьютер үйқылық немесе күткінен шыққанда, компьютерде құпия сөз сұралуын орнату үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранында параметры питания сөздерін теріңіз, содан **Параметры питания** (куат параметрлері) тармағын таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтадан **Запрашивать пароль при пробуждении** (Оянғанда құпия сөз сұрай) тармағын таңдаңыз.
3. **Изменение параметров, недоступных в данный момент** (Қазіргі уақытта қол жетімді емес параметрлерді өзгерту) параметрін таңдаңыз.
4. **Запрашивать пароль (рекомендуется)** (Құпия сөз сұрай (ұсынылады)) параметрін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Пайдаланушы есептік жазбасының құпия сөзін жасау немесе ағымдағы құпия сөзді өзгерту қажет болса, **Создание или изменение пароля учетной записи пользователя** (Пайдаланушы жазбасының құпия сөзін жасау немесе өзгерту) тармағын таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Пайдаланушы есептік жазбасының құпия сөзін жасау немесе өзгерту қажет болмаған жағдайда, 5-қадамға өтіңіз.

5. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) параметрін таңдаңыз.

## Батарея қуатын пайдалану

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Пайда болуы мүмкін қауіпсіздік мәселелерін азайту үшін компьютермен бірге жабдықталған батареяны, HP компаниясы ұсынатын аудиостыру батареясын немесе HP компаниясынан сатып алғынған үйлесімді батареяны пайдаланыңыз.

Компьютер сыртқы айнымалы ток қуатына жалғанбаған кезде ол батареяның қуатымен жұмыс атқарады. Куатты басқару параметрлеріне, ашылған бағдарламаларға, экранның жарықтығына, компьютерге жалғанған сыртқы құрылғыларға және басқа да себептерге байланысты компьютер батареясының жұмыс мерзімі әртүрлі болады. Компьютер айнымалы ток қуатына қосылған болса да, батареяны компьютерде сақтау батареяны зарядтайтын және де қуат берілмей қалған жағдайда жұмысты қорғайды. Компьютерде зарядталған батарея болса және сыртқы айнымалы ток қуаты іске қосылса, компьютерден айнымалы ток адаптері ажыратылғанда немесе айнымалы ток қуатының берілуі тоқтатылғанда, компьютер батарея қуатын автоматты тұрде қосады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер айнымалы ток көзінен ажыратылғаннан кейін дисплей жарықтығы батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін автоматты тұрде төмендейді. Таңдаулы компьютер үлгілерінде ғана графикалық режимдер батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту мақсатында қолданылады.

## Зауытта пломбаланған батарея

Батареяның күйін бақылау үшін немесе батареяның заряды тез бітетін болса, Справка и Поддержка (Анықтама және қолдау) ішінде Battery Check (Батарея тексеру) бағдарламасын іске қосыңыз. Батарея туралы ақпаратты қарау үшін, бастау экранында поддержка (қолдау) сөзін теріп, **HP Support Assistant** бағдарламасын таңдаңыз. Егер батареяны ауыстыру керектігі Battery Check (Батарея тексеру) бағдарламасы арқылы анықталған болса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Осы құрылғыдағы батареяны (батареяларды) пайдалануышы арқылы оңай ауыстыруға болмайды. Батареяны алу немесе ауыстыру кепілдік күшіне әсер етуі мүмкін. Егер батареяның заряды тез бітетін болса, қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Батареяны пайдалану мерзімі аяқталғанда, оны жалпы үй қалдықтарымен бірге қоқысқа тастамаңыз. Батареяны қоқысқа тастау кезінде, жергілікті зандарды және аймағыңызда қолданылатын ережелерді орындаңыз.

## Батарея туралы қосымша ақпарат табу

HP Support Assistant құралдармен қамтамасыз етеді және батарея туралы ақпарат береді. Батарея туралы ақпаратты көру үшін бастау экранында **HP Support Assistant** (HP қолдау көмекшісі) бағдарламасын басыңыз және **Аккумулятор и производительность** (Батарея және өнімділік) пәрменін таңдаңыз.

- Батарея жұмысын тексеруге арналған батареяны тексеру құралы
- Батареяның қызмет ету мерзімін ұлғайтуға арналған тексеру, қуатты басқару және дұрыс күтім мен сақтау туралы ақпарат
- Батареяның түрлері, сипаттамалары, батареяның қызмет ету мерзімдері және сыйымдылығы туралы ақпарат

Батарея туралы ақпаратқа қол жеткізу үшін

- ▲ Батарея туралы ақпаратты көру үшін бастау экранында **HP Support Assistant** (HP қолдау көмекшісі) бағдарламасын басыңыз және **Аккумулятор и производительность** (Батарея және өнімділік) пәрменін таңдаңыз.

## Батареяны тексеру бағдарламасын пайдалану

HP Support Assistant компьютерде орнатылған батареяның күйі туралы ақпаратты береді.

Батареяны тексеруді іске асыру үшін:

1. Айнымалы ток адаптерін компьютерге қосыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Батареяны тексеру құралының дұрыс жұмыс істеуі үшін компьютер сыртқы қуат көзіне жалғануы тиіс.

2. Батарея туралы ақпаратты көру үшін бастау экранында **HP Support Assistant** (HP қолдау көмекшісі) бағдарламасын басыңыз және **Аккумулятор и производительность** (Батарея және өнімділік) пәрменін таңдаңыз.

Батареяны тексеру құралы батареяның және оның үяларының дұрыс жұмыс істейтінін тексереді және тексерудің нәтижелерін хабарлайды.

## Қалған батарея зарядын көрсету

- ▲ Мендерді Windows жұмыс үстелінің хабарландыру аймағындағы тапсырма тақтасының оң жақ шетінде орналасқан қуат көрсеткіші белгішесінің үстінен жүргізіліз.

## Батареяның зарядсыздану уақытын үлғайту

Батареяның зарядсыздану уақыты батарея қуатын пайдаланғанда қандай мүмкіндіктердің қолданылатынына байланысты әртүрлі болады. Ең көп зарядсыздану уақыты батареяның сақтық сыйымдылығы төмендейтіндіктен біртіндеп қысқарады.

Батареяның зарядсыздану уақытын үлғайтуға арналған кеңестер:

- Экранның жарықтығын төмендетіңіз.
- Пайдаланушымен ауыстырылатын батареямен жабдықталған компьютер қолданыста болмағанда немесе зарядталмағанда батареяны компьютерден шығарып алыңыз.
- Пайдаланушымен ауыстырылатын батареяны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.
- Параметры электропитания (Қуат параметрлері) ішінен **Экономия энергии** (Қуат үнемдегіші) параметрін таңдаңыз.

## Төмен батарея деңгейлерін басқару

Осы бөлімдегі ақпарат ескертуралы мен зауытта орнатылған жүйе жауаптарын сипаттайтыны. Кейбір батареяның төмендігі туралы ескертуралы мен жүйе жауаптарын Параметры электропитания (Қуат параметрлерін) қолдану арқылы өзгертуге болады. Параметры электропитания (Қуат параметрлерін) қолдану басымдықтарының жиынтығы шамдарға әсер етпейді.

Бастау экранына питание (қуат) сөзін жазып, **Настройки** (Параметрлер) және **Параметры питания** (Қуат параметрлері) опциясын таңдаңыз.

## Төмен батарея деңгейлерін анықтау

Компьютердің жалғыз қуат көзі болатын батарея заряды төмен батарея деңгейіне жеткенде, батарея шамы жыптылықтайты.

- Батарея шамы (тек таңдаулы үлгілерде) батарея зарядының төмен немесе тым төмен деңгейін көрсетеді.  
– немесе –
- Хабарландыру аймағындағы қуат көрсеткішінің белгішесі төмен немесе өте төмен заряд деңгейі туралы хабарландыру береді.



**ЕСКЕРТПЕ:** Қуат көрсеткіші туралы қосымша ақпарат алу үшін, [Қуат көрсеткішін және қуат параметрлерін қолдану \(45-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Егер компьютер қосулы немесе үйқылық күйде болса, компьютерде үйқылық күй қысқа уақытқа қосылады да, компьютер өшіріледі. Барлық сақталмаған ақпарат жоғалады.

## Төмен батарея деңгейі мәселесін шешу

### Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу

- ▲ Мына құрылғылардың біреуін жалғаңыз:

- Айнымалы ток адаптері
- Қосымша жалғау немесе кеңейту құрылғысы
- НР компаниясынан қосалқы құрал ретінде сатып алынатын қосымша қуат адаптері

### **Ешқандай қуат көзі болмағанда төмен батарея деңгейін шешу**

Ешқандай қуат көзі болмаған кезде, батареядағы зарядтың деңгейі төмен болса, жұмысты сақтаңыз да, компьютерді өшіріңіз.

### **Батарея қуатын үнемдеу**

- Бастау экранына питание (қуат) сөзін жазып, **Настройки** (Параметрлер) және **Параметры питания** (Қуат параметрлері) опциясын таңдаңыз.
- Қуат параметрлерінен төмен заряд деңгейін таңдаңыз.
- Сымсыз және LAN қосылыстарын ажыратып, оларды қолданбаған кезде модем бағдарламаларынан шығыңыз.
- Оларды қолданбаған кезде сыртқы қуат көзінен ажыратылмаған сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
- Пайдаланбаған кез келген сыртқы жад карталарының жұмысын тоқтатыңыз, оларды өшіріңіз немесе шығарып алыңыз.
- Экран жарықтығын азайтыңыз.
- Жұмысты тоқтатқан кезде, үйқылық күйді қосыңыз немесе компьютерді өшіріңіз.

## **Сыртқы айнымалы ток қуаты көзін пайдалану**

- ⚠ АБАЙ БОЛЫҚЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда компьютер батареясын зарядтамаңыз.
- ⚠ АБАЙ БОЛЫҚЫЗ!** Мүмкін сақтық шараларына қатысты мәселелерді болдырмау үшін, компьютермен қамтамасыз етілетін айнымалы ток адаптерін, НР қамтамасыз ететін ауыстырығыш айнымалы ток адаптерін немесе НР компаниясынан сатып алған айнымалы ток адаптерін ғана пайдаланыңыз.
- 📝 ЕСКЕРТПЕ:** Айнымалы ток көзіне қосылу жөнінде қосымша ақпаратты қораптың ішіндегі *Ornatу нұсқаулары* постерінен қараңыз.

Сыртқы айнымалы ток қуаты мақұлданған айнымалы ток адаптері немесе қосымша жалғау, не кеңейту құрылғысы арқылы қамтамасыз етіледі.

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде компьютерді сыртқы айнымалы ток қуатына қосыңыз:

- Батареяны зарядтағанда немесе тексергенде.
- Жүйелік бағдарламалық құралды орнатқанда немесе өзгерткенде.
- Ақпаратты ықшам дискіге, DVD немесе BD (тек таңдаулы үлгілерде) дискілеріне жазғанда.
- Дискіні дефрагментациялау құралын іске қосқанда.
- Сақтық көшірме жасағанда немесе қалпына келтіргенде.

Компьютерді сыртқы айнымалы токқа қосқанда, төмендегі жағдайлар туындаиды:

- Батарея зарядтала бастайды.
- Компьютер қосылып тұрса, хабарландыру аймағындағы қуат өлшегіш белгішесінің түрі өзгереді.

Компьютерді сыртқы айнымалы токтан ажыратқанда, төмендегі жағдайлар туындаиды:

- Компьютер батарея қуатына көшеді.
- Батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін, дисплей жарықтығы автоматты түрде азаяды.

## Айнымалы ток адаптерін тексеру

Айнымалы ток қуат көзіне жалғанған компьютерде мына жағдайлар орын алса, айнымалы ток адаптерін тексеріңіз:

- Компьютер қосылмайды.
- Дисплей қосылмайды.
- Қуат шамдары жанбайды.

Айнымалы ток адаптерін тексеру:



**ЕСКЕРТПЕ:** Келесі нұсқаулар пайдаланушы аудыстыратын батареясы бар компьютерлерге қатысты қолданылады.

1. Компьютерді сөндіріңіз.
2. Компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
3. Айнымалы ток адаптерін компьютерге және аудиопалы ток розеткасына жалғаңыз.
4. Компьютерді қосыңыз.
  - Қуат шамдары жанса, айнымалы ток адаптері дұрыс істеп тұр.
  - Егер қуат шамдары *сөніп* тұрса, айнымалы ток адаптері жұмыс істемейді және оны аудыстыру қажет.

Айнымалы токтың қуат адаптерін аудыстыруды орындау туралы ақпарат алу үшін қолдау қызметімен байланысыңыз.

## 7 Сыртқы карталар және құрылғылар

### Жад карталарын оқу құралын пайдалану


Қосымша жад карталары деректерді қауіпсіз сақтауға және оларды ынғайлы түрде ортақ пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл карталар әдетте сандық медиамен жабдықталған камераларда, қалта компьютерлерінде және басқа да компьютерлерде қолданылады.

Компьютеріңіз қолдау көрсететін жад карталарының пішімдерін анықтау үшін, [Компьютермен танысу \(4-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

### Жад картасын енгізу

**ЕСКЕРТУ:** Жад картасы қосқыштарының зақымдану қатерін азайту үшін, жад картасын күштеп енгізбеңіз.

1. Сандық картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын компьютерге қаратып ұстаңыз.
2. Картаны жад картасын оқу құрылғысына енгізіп, нық отырғанша үстінен басыңыз.




Құрылғы анықталғанда дыбыс естисіз және параметрлердің мәзірі көрінуі мүмкін.

### Жад картасын шығарып алу

**ЕСКЕРТУ:** Ақпарат жоғалуының немесе жүйенің жауап қаупін азайту мақсатында жад картасын қауіпсіз шығарып алу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Мәліметтеріңізді сақтап, жад картасымен байланысты барлық бағдарламаларды жабыңыз.
2. Windows жұмыс үстелінің хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан жабдықты шығару белгісін басыңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- Картаны (1) басып, оны ұсынан (2) шығарып алыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Кarta шықпаса, оны ұсынан тартып шығарыңыз.

## Смарт карталарды қолдану


**ЕСКЕРТПЕ:** Смарт-карта термині осы тарауда смарт-карталар мен Java™ карталарының екі түрін білдіреді.

Смарт карта — жад пен микропроцессоры бар шағын схемалы несие картасы өлшеміндегі қосалқы құрал. Дәрбес компьютерлер сияқты смарт карталардың кірісті және шығысты басқаратын амалдық жүйелері, сондай-ақ оларды рұқсатыз пайдаланудан қорғайтын қауіпсіздік мүмкіндіктері бар. Өндірісте қолданылатын смарт карталар оқу құралдарымен (тек таңдаулы үлгілерде) бірге пайдаланылады.

PIN коды микрочип мазмұнына кіру рұқсатын алуға керек. Смарт карталардың қауіпсіздік мүмкіндіктері туралы қосымша ақпаратты HP Support Assistant бағдарламасынан қараңыз. HP Support Assistant бағдарламасына қол жеткізу үшін, бастау экранында **HP Support Assistant** белгішесін таңдаңыз.

## Смарт картаны енгізу


- Жапсирмасы бар карта жағын жоғары қаратып, карта нық отырғанша оны смарт карта оқу құралына жайлап салыңыз.



- Компьютерге смарт картаның PIN коды арқылы кіру жөніндегі экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Смарт картаны шығарып алу

- ▲ Смарт картаның шеттерінен ұстап, оны смарт карта оқу құралынан сыртқа шығарыңыз.



## USB құрылғысын пайдалану

Әмбебап сериалды шина (USB) USB пернетақтасы, тінтуір, драйвер, принтер, сканер немесе концентратор сияқты қосымша сыртқы құрылғыны қосуға қолданылатын жабдықтың интерфейсі болып табылады.

Кейбір USB құрылғылары әдетте құрылғымен қоса берілетін қосымша қолдау бағдарламалық құралын қажет етуі мүмкін. Құрылғыға арналған бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз. Бағдарламалық құралмен қамтамасыз етілген бүл нұсқаулар дискіде немесе өндірушінің веб-торабында болуы мүмкін.

Компьютерде USB 1.0, 1.1, 2.0 немесе 3.0 құрылғыларымен жұмыс істейтін кем дегенде 1 USB порты бар. Сонымен қатар, сыртқы құрылғыға қуат беретін USB зарядтау порты компьютеріңізде болуы мүмкін. Қосымша USB қондыру құрылғысы немесе USB концентраторы компьютермен пайдалануға болатын қосымша USB порттарымен қамтамасыз етеді.

## USB құрылғысын жалғау

**ЕСКЕРТУ:** USB қосқышының зақымдануын болдырмау үшін, құрылғыны құштеп жалғамаңыз.

- ▲ Құрылғының USB кабелін USB портына жалғаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Төмендегі сурет пен компьютер көрінісінің арасында біраз айырмашылық болуы мүмкін.



Құрылғы анықталғанда, дыбыс естіледі.

**ЕСКЕРТПЕ:** USB құрылғысы қосылған кезде жүйенің құрылғыны танытқанын көрсету үшін хабарландыру аймағында хабарлама көрсетілуі мүмкін.

## USB құрылғысын ажырату

**ЕСКЕРТУ:** USB қосқышының зақымдалуын болдырмау үшін, USB құрылғысын ажырату мақсатында кабельден тартпаңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Ақпараттың жоғалуына немесе жүйенің сигнал қабылдамайтын күйге кіруіне жол бермеу мақсатында, USB құрылғысын қауіпсіз шығарып алу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. USB құрылғысын шығарып алу үшін ақпаратты сақтап, құрылғыға байланысты бағдарламалардың барлығын жабыңыз.
2. Windows жұмыс үстелінің тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы жабдықты шығару белгішесін басыңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Құрылғыны ажыратыңыз.

## Қосымша сыртқы құрылғыларды пайдалану



**ЕСКЕРТПЕ:** Керекті бағдарламалық құрал мен диск жетектері туралы ақпарат алу үшін немесе компьютердің қолданылатын портын білу үшін өндіруші нұсқауларын қараңыз.

Сыртқы құрылғыны компьютерге қосу үшін



**ЕСКЕРТУ:** Токқа қосылған құрылғыны жалғағанда, жабдықтың зақымдану қатерін азайту үшін, құрылғының өшірілгендігін және айнымалы ток қуаты сымының ажыратылғандығын тексеріңіз.

1. Құрылғыны компьютерге қосыңыз.
2. Егер токқа қосылған құрылғыны қоссаңыз, құрылғының қуат сымын жерге қосылған айнымалы ток розеткасына жалғаңыз.
3. Құрылғыны қосыңыз.

Қуат көзіне қосылмаған сыртқы құрылғыны ажырату үшін құрылғыны өшіріп, одан кейін оны компьютерден ажыратыңыз. Қуат көзіне қосылған сыртқы құрылғыны ажырату үшін құрылғыны өшіріңіз де, оны компьютерден ажыратыңыз, одан кейін айнымалы ток сымын сурыңыз.

## Қосымша сыртқы дискілерді пайдалану

Алынатын сыртқы дискілер мәліметтерді сақтау және оларға кіруге арналған мүмкіндіктер санын үлғайтады. USB жинақтағыш дискісін компьютердегі USB портына жалғау арқылы қосуға болады.



**ЕСКЕРТПЕ:** НР сыртқы USB оптикалық дискілерін қуатқа қосылған компьютердегі USB портына (тек таңдаулы үлгілерде) жалғау керек.

USB дискілерінің мына түрлері бар:

- 1,44-Мбайт дискет жетегі
- Қатты диск модулі
- Сыртқы оптикалық диск (ықшам диск, DVD және Blu-ray)
- MultiBay құрылғысы

## 8 Дискілер

### Дискілер ұстай

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Дискілер компьютердің әлсіз бөліктері және оларды абайлап ұстай қажет. Диск жетектерін ұстамас бұрын келесі ескертулерді қараңыз. Қосымша ескертулер олар қолданылатын үрдістерде қамтылған.

Мына сақтық шараларын орындаңыз:

- Сыртқы қатты дискіге қосылған компьютерді қозғамас бұрын, үйқы күйін қосып, экранның өшірілуіне мүмкіндік беріңіз немесе сыртқы қатты дискіні дұрыс ажыратыңыз.
- Қатты дискіні ұстағанда, жерге түйікталған беткейге қолыңызды тигізіп, жиналған статикалық токтан құтылып алыңыз.
- Алынатын дискжетегіндегі немесе компьютердегі қосқыш істікшелерді ұстамаңыз.
- Диск жетегін абайлап пайдаланыңыз: құлатуға немесе үстіне зат қоюға болмайды.
- Дискіні шығарып алмастан немесе салмастан бұрын компьютерді өшіріңіз. Компьютердің өшірулі, үйқы немесе күткінде екені анық болмаса, компьютерді қосып, амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.
- Дискіні дискжетегінің үясына салған кезде шамадан тыс күш қолданбаңыз.
- Оптикалық диск жетегі дискіге жазып жатқанда, компьютердің пернетақтасын баспаңыз немесе компьютерді жылжытпаңыз. Жазу процесі тербелістерге сезімтал болады.
- Дискжетегін температура жоғары немесе ылғал жерде сақтамаңыз.
- Дискжетегін сұйықтық бар жерде сақтамаңыз. Дискжетегіне тазарту заттарын шашпаңыз.
- Дискжетегін диск жетегінің үясынан алмас бұрын немесе онымен саяхатқа, кемемен қыдырғанда немесе дискжетегін сақтағанда, медиа құралын шығарып алыңыз.
- Дискжетегін поштамен жөнелту қажет болғанда, диск жетегін мөлдір пошта бұмасына немесе басқа сәйкес қорғаныс бұмасына салыңыз және бумаға "FRAGILE" (Сынғыш) белгісін жапсырыңыз.
- Дискінің магниттік өрістердің әсеріне ұшырамаудың қадағалаңыз. Магниттік өрісі бар қауіпсіздік құрылғылары әуежайдағы тексеруден өту құрылғылар мен қауіпсіздік бағандарында болады. Жолаушылар жүктөрін тексеруге арналған әуежайлардағы конвейерлік жолдар және соған үқсас қауіпсіздік құрылғылары магниттік өрістің орнына рентген сәулелерін қолданады да, дискілерге зиян келтірмейді.

### Қатты дискілерді пайдалану

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін

- Жад модулін немесе қатты дискіні қосудан немесе алмастырудан бұрын жұмысыныңды сақтаңыз және компьютерді өшіріңіз.
- Егер компьютер сөндірүлі екендігіне сенімді болмасаңыз, қуат түймесін басып, компьютерді қосыңыз. Содан соң амалдық жүйе арқылы компьютерді өшіріңіз.

## Intel Smart Response Technology (тек таңдаулы үлгілерде)

Intel® Smart Response технологиясы (SRT) — компьютер жүйесінің жұмысын елеулі түрде жақсартатын Intel® Rapid Storage технологиясы (RST) кәштеу мүмкіндігі. SRT мүмкіндігі SSD mSATA модулі бар компьютерлердің жүйе жады мен қатты диск жетегі арасындағы кэш жады рәтінде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл бір уақытта SSD жақсартылған жүйе жұмысының тәжірибесін қамтамасыз ете отырып, ең үлкен сақтау сыйымдылығы үшін қатты диск жетегін (немесе RAID көлемі) иемдену артықшылығын береді.

Қатты дискінің қоссаныз не жаңартсаңыз және RAID көлемін орнатуды қөздесеніз, SRT мүмкіндігін уақытша ажыратып, RAID көлемін орнатуыңыз керек, одан кейін SRT мүмкіндігін қосыңыз. SRT мүмкіндігін уақытша ажырату үшін:

1. Бастау экранында Intel сөзін төріңіз, одан кейін **Intel Rapid Storage Technology** (Intel Rapid Storage технологиясы) пәрменін таңдаңыз.
2. **Acceleration** (Жылдамдату) сілтемесін таңдаңыз, **Disable Acceleration** (Жылдамдату режимін өшіру) сілтемесін басыңыз.
3. Аяқтау үшін Жылдамдату режимін күтіңіз.
4. **Reset to Available** (Қолда бар параметрді орнату) сілтемесін таңдаңыз.



**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** RAID режимдерін ауыстыру кезінде SRT мүмкіндігін уақытша ажыратуыңыз керек. Өзгертуді жасап, SRT мүмкіндігін қайта қосыңыз. Бұл мүмкіндікті уақытша ажыратпау RAID көлемдерін жасау не өзгерту үшін кедері келтіреді.



**ЕСКЕРТПЕ:** НР өзіндік шифрлау дискілері (SED) бар SRT мүмкіндігін қолдамайды.

## Қатты дискінің жұмысын жақсарту

### Дискіні дефрагментациялау құралын пайдалану

Компьютерді пайдаланғанда, қатты дискідегі файлдар бөлініп қалады. Амалдық жүйе тиімді жұмыс істейі үшін, дискіні дефрагментациялау құралы қатты дискідегі бөлініп қалған файлдар мен қалталарды қайта біріктіреді.



**ЕСКЕРТПЕ:** Дискіні дефрагментациялау құралын жартылай өткізгіш диск жетектерінде істету қажет емес.

Дискіні дефрагментациялау құралы басталғаннан кейін, ол қараусыз жұмыс атқарады. Қатты дискінің өлшеміне және бөлініп қалған файлдар санына байланысты, дискіні дефрагментациялау құралының аяқталуы үшін бір сағаттан артық уақыт кетуі мүмкін. Оны түнде немесе компьютерді ашу қажет болмайтын кездегі басқа уақытта іске қосылатын етіп орнатуыңызға болады.

НР қатты дискіні кем дегенде айна бір рет дефрагментациялауды ұсынады. Дискіні дефрагментациялау құралының жұмысын айлық жоспарға орнатсаңыз болады, бірақ дефрагментациялауды кез келген уақытта қолмен жасауға да болады.

Дискіні дефрагментациялау құралын іске қосу:

1. Компьютерді айнымалы ток көзіне қосыңыз.
2. Бастау экранында **диск** деп төріңіз.
3. **Оптимизация** (Оңтайландыру) түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Windows жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін, пайдаланушы есептік жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін сізден рұқсат немесе құпия сөз сұрапуы мүмкін. HP Support Assistant бөлімін қараңыз. Бастау экранынан HP Support Assistant бағдарламасына қол жеткізу үшін, **HP Support Assistant** белгішесін таңдаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін, дискіні дефрагментациялау бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

## Дискіні тазалау құралын пайдалану

Қатты дискідегі орынды босатып, компьютер жұмысының тиімділігін арттыру үшін дискіні тазалау құралы қатты дискіден еш қауіпсіз жоюға болатын файлдарды іздеп табады.

Дискіні тазалау құралын қосу:

1. **Пуск** (Бастау) экранына **диск** сөзін жазып, **Удалить приложения, чтобы освободить место на диске** (Дискте орын босату үшін бағдарламаларды жою) опциясын таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## HP 3D DriveGuard бағдарламасын (тек таңдаулы үлгілерде) пайдалану

Төмендегі жағдайлардың біреуі орын алса, HP 3D DriveGuard бағдарламасы дискіні өшіру және дерек сұрауларын тоқтату арқылы қатты дискіні қорғайды.

- Сіз компьютеріңізді құлатып алдыңыз.
- Батарея қуатынан қосылып түрған компьютерді оның дисплейі жабулы күйінде жылжытасыз.

Бұл оқиғалардың біреуі аяқталғаннан кейінгі қысқа мерзімде HP 3D DriveGuard қатты дискіні қалыпты жұмыс жағдайына қайтарады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP 3D DriveGuard қызметі тек ішкі қатты дискілерін қорғайды. Қосымша қондыру құрылғысына орнатылған немесе USB портына қосылған қатты диск HP 3D DriveGuard арқылы қорғалмайды.

 **ЕСКЕРТПЕ:** SSD дискілерінде жылжитын бөліктері болмағасын, HP 3D DriveGuard қызметі осы дискілер үшін қажет емес.

Қосымша ақпаратты HP 3D DriveGuard бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

## HP 3D DriveGuard күйін анықтау

Компьютердегі қатты диск шамы бастапқы қатты диск үясындағы және/немесе қосымша қатты диск үясындағы (тек таңдаулы үлгілерде) дискінің қауіпсіз орнатылғанын көрсету үшін түсін өзгерtedі. Дискілердің қазіргі уақытта қорғалып түрғанын немесе дискінің қауіпсіз позицияға орнатылғанын анықтау үшін, Windows жұмыс үстеліндегі тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы немесе Мобильділік орталығындағы белгішени басыңыз.

## **RAID пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)**

RAID технологиясы компьютерде екі немесе одан да көп қатты дискіні бір уақытта қатар қолдануға мүмкіндік береді. RAID технологиясы көмегімен аппараттық немесе бағдарламалық құрал параметрлері арқылы бірнеше дискілер біртұтас диск ретінде қолданылады. Егер бірнеше диск біртұтас диск ретінде жұмыс істейтіндей етіп орнатылған болса, олар RAID мөлшері деп аталады. Қосымша ақпаратты HP веб-торабында қараңыз. Пайдаланушы нұсқаулықтарының ең соңғы нұсқаларын алу үшін, қолдау қызметімен хабарласыңыз. АҚШ-та қолдау қызметін пайдалану үшін <http://www.hp.com/go/contactHP> мекенжайына өтіңіз. Дүниежүзілік қолдау үшін мына торапқа өтіңіз: [http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact\\_us.html](http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html).

# 9 Қауіпсіздік

## Компьютерді қорғау

Windows амалдық жүйесі қамтамасыз ететін стандартты қауіпсіздік мүмкіндіктері және Windows жүйесіне кірмейтін Setup Utility (BIOS) құралы жеке параметрлерінде бен деректерінде әртүрлі қауіптерден қорғауы мүмкін.

-  **ЕСКЕРТПЕ:** Қауіпсіздік шешімдері сақтаңдырыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған. Бірақ олар құрылғыға күтімсіз қараудан немесе оны үрланудан қорғай алмауы мүмкін.
-  **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютерді қызмет көрсету орталығына жібермес бұрын, құпиялы файлдардың сақтық көшірмелерін жасап, файлдарды және құпиясөз параметрлерін жойыңыз.
-  **ЕСКЕРТПЕ:** Нұсқаулықтың ішінде сипатталған кейбір функциялар компьютерінде болмауы мүмкін.
-  **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютерің Comptrace құралын қолдайды, бұл онлайн қауіпсіздікке негізделетін қадағалау және қалпына келтіру қызметі кейбір аймақтарда қолжетімді болады. Егер компьютер үрланған болса, рұқсаты жоқ пайдалануышы Интернетке кіргенде Comptrace құралы компьютердің ізін қадағалай алады. Comptrace құралын пайдалану үшін, бағдарламалық құралды сатып алып, қызметке жазылуыңыз тиіс. Comptrace бағдарламалық құралына тапсырыс беру туралы ақпаратты алу үшін, <http://www.hp.com> мекенжайы бойынша веб-сайтқа өтіңіз.

Компьютер қаупі	Қауіпсіздік мүмкіндігі
Компьютерді рұқсатсыз қолдану	HP Client Security бағдарламалық құралы құпия сөз, смарт карта, контактіз карта, тіркелген саусақ ізі мен басқа аутентификациялық деректермен бірге қолданылғанда
Computer Setup (f10) утилитасына рұқсатсыз кіру	Computer Setup құралындағы BIOS әкімші құпия сөз*
Қатты диск мазмұнына рұқсатсыз кіру	DriveLock құпия сөзі немесе автоматты DriveLock құпия сөзі Computer Setup* бөлімінде
Қосымша сыртқы оптикалық дискіден рұқсатсыз бастау (таңдаулы үлгілерде ғана), оптикалық сыртқы қатты диск (таңдаулы үлгілерде ғана), немесе ішкі желі адаптері	Computer Setup құралындағы жүктеу параметрлері мүмкіндігі*
Windows пайдалануышы жазбасын рұқсатсыз пайдалану	Windows пайдалануышы құпия сөзі
Деректерге рұқсатсыз кіру	<ul style="list-style-type: none"><li>• HP драйвін шифрлау бағдарламасы</li><li>• Windows қорғағышы</li></ul>
Computer Setup параметрлеріне және басқа жүйені анықтау ақпаратына рұқсатсыз кіру	Computer Setup құралындағы BIOS әкімші құпия сөзі*
Компьютердің орнын рұқсатсыз ауыстыру	Қауіпсіздік кабелінің ұясы (қосымша қауіпсіздік кабелімен бірге қолданылады)

\*Computer Setup дегеніміз алдын ала орнатылған, ROM жадына негізделген утилита, ол амалдық жүйе жұмыс істемей тұрғанда немесе жүктелмегендеге де қолданылады. Computer Setup утилитасында жылжу және таңдауды жасау үшін, (сенсорлы тақта, мензегіш таяқша не USB тінтуірі сияқты) мензегіш құрылғыны немесе пернетақтаны пайдаланыңыз.

## Құпия сөздерді пайдалану

Құпия сөз – компьютер ақпаратын қорғау үшін таңдалатын таңбалардың тобы. Ақпаратқа кіруді басқарудың жолына байланысты құпия сөздердің бірнеше түрлері орнатылуы мүмкін. Құпия сөздер Windows жүйесінде немесе компьютерге алдын ала орнатылған Computer Setup утилитасы арқылы тағайындалады.

- BIOS әкімшісінің құпия сөзі және DriveLock құпия сөзі Computer Setup утилитасында орнатылады. Олар жүйенің BIOS бағдарламасы арқылы басқарылады.
- Автоматты DriveLock құпия сөздері Computer Setup утилитасында қосылады.
- Windows құпия сөздері Windows амалдық жүйесінде ғана орнатылады.
- Егер HP SpareKey бұрын орнатылған болса және Computer Setup құралындағы BIOS әкімшісінің құпия сөзін ұмытып қалсаңыз, құралға HP SpareKey арқылы кіруіңзге болады.
- Егер DriveLock қолданушы құпия сөзі мен Computer Setup құралының DriveLock негізгі құпия сөзінің екеуін де ұмытып қалсаңыз, осы құпия сөздермен қорғалған қатты диск мүлдем жабылып қалады және оларды қолдану ары қарай мүмкін болмайды.

Бірдей құпия сөзді Computer Setup утилитасының мүмкіндігі үшін және Windows қауіпсіздік мүмкіндігі үшін пайдалануға болады. Бірдей құпия сөзді Computer Setup утилитасының бірнеше мүмкіндігі үшін пайдалануға болады.

Құпия сөздерді жасау және сақтау үшін төмендегі көңестерді ісінізде сақтаңыз:

- Құпия сөздерді жасаған кезде, бағдарлама арқылы орнатылған талаптарды орындаңыз.
- Бір құпиясөзді бірнеше қолданбалар мен веб-сайттар үшін қолданбаңыз және Windows құпиясөзінің басқа қолданбалар мен веб-сайттар үшін қолданбаңыз.
- HP Client Security бағдарламасының Password Manager (Құпия сөздер реттегіші) құралын веб-тораптарыңыз берілген жағдайда орнатып қалсаңыз. Егер ұмытып қалсаңыз, келешекте оларды қауіпсіз оқуыңызға болады.
- Құпия сөздерді компьютердегі файлда сақтамаңыз.

Келесі кестелерде әдетте қолданылатын Windows және BIOS әкімшісінің құпия сөздерінің тізімі берілген және олардың функциялары сипатталған.

## Windows жүйесінде құпия сөздерді орнату

Құпия сөз	Қызымет
Әкімші құпия сөзі*	Windows әкімші есептік жазбасына кіруді қорғайды. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Windows әкімші құпиясөзін тағайындау BIOS әкімші құпиясөзін тағайындаамайды.
Пайдаланушы құпия сөзі*	Windows пайдаланушы есептік жазбасына кіруді қорғайды.

\*Windows әкімші құпия сөзі немесе Бастау экранында Windows пайдаланушы құпия сөзі параметрлерін орнату туралы ақпаратты **HP Support Assistant** бағдарламасында қараңыз.

## Computer Setup құралында құпия сөздерді орнату

Құпия сөз	Қызмет
BIOS әкімші құпия сөзі*	Computer Setup құралына кіруді қорғайды. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> BIOS әкімші құпия сөзін жою мақсатымен мүмкіндіктер қосылған болса, олар өшірілгенше құпия сөзді жоюға болмауы мүмкін.
DriveLock басты құпия сөзі*	DriveLock арқылы қорғалатын ішкі қатты дискіге кіруді қорғайды. Сонымен қатар, ол DriveLock қорғанысын алуға қолданылады. Бұл құпия сөз DriveLock құпия сөздерін іске қосу кезінде орнатылады. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> DriveLock құпия сөзін орнатпас бұрын BIOS әкімші құпия сөзін орнату қажет.
DriveLock пайдаланушы құпия сөзі*	DriveLock арқылы қорғалатын ішкі қатты дискіге кіруді қорғайды және бұл құпия сөз DriveLock құпия сөздерін іске қосу кезінде орнатылады. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> DriveLock құпия сөзін орнатпас бұрын BIOS әкімші құпия сөзін орнату қажет.

\*Осы құпия сөздердің әрбірі туралы толық ақпаратты келесі бөлімдерден қараңыз.

## BIOS әкімші құпия сөзін басқару

Осы құпия сөзді орнату, өзгерту немесе жою үшін төменде берілген қадамдарды орындаңыз:

### Жаңа BIOS әкімші құпия сөзін орнату

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Setup BIOS Administrator Password** (BIOS әкімші құпия сөзін орнату) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
4. Сүралғанда, құпия сөзді теріңіз.
5. Сүралғанда, растау үшін жаңа құпия сөзді қайта теріңіз.
6. Өзгерістерді сақтап Computer Setup құралынан шығу үшін, **Save** (Сақтау) пернесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **Main** (Негізгі) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

## **BIOS әкімші құпия сөзін өзгерту**

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Change Password** (Құпия сөзді өзгерту) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
4. Сұралғанда, ағымдағы құпия сөзді теріңіз.
5. Сұралғанда, растау үшін жаңа құпия сөзінізді қайта теріңіз.
6. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтай) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.  
– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **Main** (Негізгі) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

## **BIOS әкімші құпия сөзін жою**

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Change Password** (Құпия сөзді өзгерту) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
4. Сұралғанда, ағымдағы құпия сөзді теріңіз.
5. Жаңа құпия сөз енгізу сұралғанда, жолақты бос қалдырып, **enter** пернесін басыңыз.
6. Ескертуді оқыңыз. Жалғастыру үшін **YES** (Иә) пәрменін таңдаңыз.
7. Жаңа құпия сөзінізді қайта енгізу сұралғанда, жолақты бос қалдырып, **enter** пернесін қайта басыңыз.
8. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтай) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.  
– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **Main** (Негізгі) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

## BIOS әкімші құпия сөзін енгізу

**BIOS әкімші құпия сөзін** енгізу сұралған кезде, құпия сөзіңізді (құпия сөзді орнатқанда басылған бірдей пернелерді пайдалану арқылы) теріңіз, одан кейін [enter](#) пернесін басыңыз. BIOS әкімші құпия сөзін енгізу дің 3 сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді қайта іске қосып, әрекетті қайта орындау қажет.

## Computer Setup құралының DriveLock құпия сөзін басқару

 **ЕСКЕРТУ:** DriveLock арқылы қорғалған қатты дискінің қолдануға мүлдем жарамсыз болып қалуын болдырмау үшін, DriveLock пайдалануши құпия сөзі мен DriveLock негізгі құпия сөзін компьютерден қашық сенімді бір жерге сақтап қойыңыз. Егер DriveLock құпия сөздерінің екеуін де ұмытып қалсаңыз, қатты диск мүлдем жабылып қалады және оны қолдану мүмкін болмайды.

DriveLock - қатты дискі мазмұндарына рұқсатсыз енуден қорғауға арналған. DriveLock компьютердердің ішкі қатты дискілеріне қолдануға ғана жарамды. DriveLock дискіні қорғауға қолданылса, дискіге кіру үшін құпия сөзді енгізу қажет болады. DriveLock құпия сөздері арқылы кіру үшін диск компьютерге немесе жетілдірілген порт репликаторына енгізілуі қажет.



**ЕСКЕРТПЕ:** DriveLock мүмкіндіктерін пайдалануға кіріспес бұрын, BIOS әкімші құпия сөзі сізде болуы тиіс.

DriveLock құлпын ішкі қатты дискіге қолдану үшін пайдалануши құпия сөзін және негізгі құпия сөзіn Computer Setup құралында тағайындау қажет. DriveLock құлпын қолдану үшін, келесі нәрселерді ескеру қажет:

- Қатты диск DriveLock құралы арқылы қорғалған соң, қатты дискіге тек қана пайдалануши құпия сөзі немесе негізгі құпия сөз арқылы ғана кіру мүмкін болады.
- Пайдалануши құпия сөзінің иесі қорғалған қатты дискінің күделікті қолданушысы болады. Негізгі құпия сөз иесі жүйе әкімшісі немесе құнделікті қолданушы болуы мүмкін.
- Пайлануши құпия сөзі және негізгі құпия сөз бірдей болуы мүмкін.
- Пайдалануши құпия сөзі мен негізгі құпия сөзді жою үшін, DriveLock құлпын қатты дискіден алу қажет болады. DriveLock құлпын қатты дискіден алу үшін негізгі құпия сөзі ғана қажет болады.

## DriveLock құпия сөзін орнату

Computer Setup утилитасында DriveLock құпия сөзін тағайындау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Hard Drive Tools** (Қатты диск құралдары) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **DriveLock** опциясын таңдаңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
4. DriveLock құпия сөзін тағайындау (жинаңдық) тармағын басыңыз.
5. BIOS әкімші құпия сөзі опциясын ашып, **enter** пернесін басыңыз.
6. Мензегіш құрылғының немесе жебе пернелердің көмегімен ішкі қатты дискіні таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
7. Ескертуді оқыңыз. Жалғастыру үшін **YES** (Иә) пәрменін таңдаңыз.
8. Сұралғанда, негізгі құпия сөзді жазып, **енгізу** пернесін басыңыз.
9. Сұралғанда, негізгі құпия сөзді қайта жазып, растаңыз да **енгізу** пернесін басыңыз.
10. Сұралғанда, пайдаланушы құпия сөзін жазып, **енгізу** пернесін басыңыз.
11. Сұралғанда, пайдаланушы құпия сөзін қайта жазып, растаңыз да **енгізу** пернесін басыңыз.
12. Таңдалған дискіге DriveLock қорғау мүмкіндігінің қолданылуын растау үшін, DriveLock сөзін растау өрісінде теріңіз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.



- ЕСКЕРТПЕ:** DriveLock қорғау мүмкіндігін растау кезінде регистрді ескеру қажет.
13. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтау) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.  
– немесе –  
Көрсеткі пернелердің көмегімен **Main** (Негізгі) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

## DriveLock құпия сөзін енгізу

Қатты дискінің компьютерге енгізілгенін қадағалаңыз (қосымша оптикалық құралға немесе сыртқы MultiBay құралына емес).

**DriveLock құпия сөзін** енгізу сұралған кезде, қолданушы атауынызды немесе құпия сөзіңізді (құпия сөзді орнатқанда басылған бірдей пернелерді пайдалану арқылы) теріңіз, одан кейін [enter](#) пернесін басыңыз.

Құпия сөзін енгізу дің 2 сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді қайта іске қосып, әрекетті қайта орындау қажет.

## DriveLock құпия сөзін өзгерту

Computer Setup утилитасында DriveLock құпия сөзін өзгерту үшін төменде берілген қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, [esc](#) пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін [f10](#) пернесін басыңыз.
3. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қаяіncіздік) > **Hard Drive Tools** (Қатты диск құралдары) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін > **DriveLock** опциясын таңдаңыз да, [enter](#) пернесін басыңыз.
4. BIOS әкімші құпия сөзі опциясын ашып, [enter](#) пернесін басыңыз.
5. Мензегіш құрылғының немесе жебе пернелердің көмегімен DriveLock құпия сөзін тағайындау пәрменін, содан кейін [enter](#) пернесін басыңыз.
6. Ішкі қатты дискті таңдау үшін көрсеткі пернелерді пайдаланыңыз, содан кейін [enter](#) пернесін басыңыз.
7. Мензегіш құрал немесе жебе пернелердің көмегімен **Құпия сөзді өзгерту** пәрменін таңдаңыз.
8. Сұралғанда, қазіргі пайдаланушы құпия сөзін жазып, [енгізу](#) пернесін басыңыз.
9. Сұралғанда, жаңа пайдаланушы құпия сөзін жазып, [енгізу](#) пернесін басыңыз.
10. Сұралғанда жаңа құпия сөзді қайта жазып растаңыз және [енгізу](#) пернесін басыңыз.
11. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтау) белгішесін басыңыз, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.  
– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **Main** (Негізгі) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін [enter](#) пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

## DriveLock қорғау мүмкіндігін жою

Computer Setup утилитасында DriveLock қорғау мүмкіндігін жою үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Hard Drive Tools** (Қатты диск құралдары) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **DriveLock** опциясын таңдаңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
4. BIOS әкімші құпия сөзі опциясын ашып, **enter** пернесін басыңыз.
5. Мензегіш құрылғының немесе жебе пернелердің **көмегімен DriveLock құпия сөзін тағайындау** пәрменін, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
6. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен ішкі қатты дискіні таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
7. Мензегіш құрал немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Disable protection** (Корғауды жою) пәрменін таңдаңыз.
8. Негізгі құпия сөзді жазып, **енгізу** пернесін басыңыз.
9. Өзгерістерді сақтап Computer Setup құралынан шығу үшін, **Save** (Сақтау) пернесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **Main** (Негізгі) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

## Computer Setup құралының автоматты DriveLock қызметін пайдалану

Компьютерді бірнеше пайдаланушы қолданған кезде, автоматты DriveLock құпия сөзін орнатуға болады. Автоматты DriveLock құпия сөзі орнатылғаннан кейін, кездейсоқ пайдаланушы құпия сөзі мен DriveLock басты құпия сөзі жасалады. Пайдаланушы құпия сөздің дұрыс деректерін енгізген кезде, бұл кездейсоқ пайдаланушы мен DriveLock басты құпия сөзі дискінің бұғаттауын алу үшін пайдаланылатын болады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Автоматты DriveLock мүмкіндіктерін пайдалануға кіріспес бұрын, BIOS әкімші құпия сөзін тағайындаңыз да алудың қажет.

## Автоматты DriveLock құпия сөзін енгізу

Computer Setup утилитасында Автоматты DriveLock құпия сөзі мүмкіндігін қосу үшін төменде берілген қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.

3. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Hard Drive Tools** (Қатты диск құралдары) > **Automatic DriveLock** тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
  4. BIOS әкімші құпия сөзі опциясын ашып, **enter** пернесін басыңыз.
  5. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен ішкі қатты дискіні таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
  6. Ескертуді оқыңыз. Жалғастыру үшін **YES** (Иә) пәрменін таңдаңыз.
  7. Өзгерістерді сақтап Computer Setup құралынан шығу үшін, **Save** (Сақтау) пернесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **Main** (Негізгі) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

## Автоматты DriveLock қорғау мүмкіндігін жою

Computer Setup утилитасында DriveLock қорғау мүмкіндігін жою үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Hard Drive Tools** (Қатты диск құралдары) > **Automatic DriveLock** тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
4. BIOS әкімші құпия сөзі опциясын ашып, **enter** пернесін басыңыз.
5. Мензегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен ішкі қатты дискіні таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
6. Мензегіш құрал немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Disable protection** (Қорғауды жою) пәрменін таңдаңыз.
7. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтау) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **Main** (Негізгі) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

## Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану

Компьютерді электрондық поштаға, желіге немесе Интернетке кіру үшін қолданғанда, ол компьютер вирустары қаупіне ұшырауы мүмкін. Компьютер вирустары амалдық жүйені, бағдарламаларды немесе утилиталарды өшіріп, олардың қалыпсыз жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал вирустардың көбін тауып жоя алады, сондай-ақ, көбінесе олардың келтірген зиян салдарын шешеді. Жаңа пайда болған вирустардан уақытымен қорғауды қамтамасыз ету үшін вирусқа қарсы бағдарлама жаңартылып отыруы керек.

Компьютерізде Windows Defender алдын ала орнатылған. Компьютерді жан-жақты қорғау үшін вирусқа қарсы бағдарламаны қолдануды жалғастыруға кеңес беріледі.

Компьютер вирустары туралы қосымша ақпаратты HP Support Assistant бағдарламасынан қараңыз. Бастау экранынан HP Support Assistant бағдарламасына қол жеткізу үшін, **HP Support Assistant** белгішесін таңдаңыз.

## Желіаралық қалқан бағдарламалық құралын пайдалану

Желіаралық қалқан жүйені немесе желіні рұқсатсыз пайдаланудан қорғау үшін жасалған. Желіаралық қалқан компьютерге және/немесе желіге орнатылатын бағдарламалық құрал немесе аппараттық және бағдарламалық құралдың екеуін де қорғайтын шешім болуы мүмкін.

Екі түрлі желіаралық қалқанның ішінен таңдауға болады:

- Хостқа негізделген желіаралық қалқан — тек орнатылған компьютерді қорғайтын бағдарламалық құрал.
- Желіге негізделген желіаралық қалқандар — DSL немесе кабельдік модемнің және үй желісінің арасына орнатылып, желідегі барлық компьютерлерді қорғайды.

Желіаралық қалқан орнатылғаннан соң жүйеге және жүйеден жіберілген барлық деректер тексеріліп пайдаланушы анықтаған қауіпсіздік белгілері бойынша салыстырылады. Осы белгілерге сәйкес келмейтін кез келген деректер құрсауланады.

Компьютеріңізде немесе желілік жабдығыныңда желіаралық қалқан орнатылып қойылған болуы мүмкін. Егер олай болmasa, желіаралық қалқан бағдарламалық құралын орнатуға болады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Кейбір жағдайларға байланысты қалқан Интернет ойындарына кіруді құрсаулауы, желідегі принтерге немесе файлды ортақ пайдалануға кедегі келтіруі немесе рұқсаты бар электрондық пошта тіркемелерін құрсаулауы мүмкін. Мәселені уақытша шешу үшін, желіаралық қалқанды уақытша өшіріп, орындалатын тапсырманы орындаңыз да, желіаралық қалқанды қайта қосыңыз. Ақаулықты толық шешу үшін, қалқанның параметрлерін қайта реттеңіз.

## Қорғаныс жүйесінің маңызды жаңартуларын орнату



**ЕСКЕРТУ:** Microsoft® маңызды жаңартулардың бар екені туралы ескертеді. Компьютерді қауіпсіздік бұзудан және компьютер вирустарынан қорғау үшін, ескертудерді алғаннан кейін мүмкіндігінше тез Microsoft компаниясынан барлық маңызды жаңартуларды орнатыңыз.

Жаңартуладың автоматты орнатылуын таңдау мүмкіндігіз бар. Параметрлерді өзгерту үшін Бастау экранында панель управления (басқару тақтасы) сөзін теріңіз де, **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз. **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) бөлімін түртіңіз, **Обновления Windows** (Windows жаңартулары) тобын, **Изменить параметры** (Параметрлерді өзгерту) бөлімін түртіңіз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## HP Client Security қолданбасын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

HP Client Security бағдарламасы компьютерде алдын ала орнатылған. Бұл бағдарламаны бастау экранындағы HP Client Security арқылы, Windows жұмыс үстелінен хабарландыру аймағындағы тапсырмалар жинағындағы оң жақ тақба арқылы немесе Windows басқару панелі арқылы ашуға болады. Оның қауіпсіздік мүмкіндіктері компьютер, желілер мен өте маңызды деректерге рұқсатсыз кіруден қорғайды. Қосымша ақпаратты HP Client Security бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

## HP Touchpoint Manager бағдарламасын (тек таңдаулы үлгілерде) пайдалану

HP Touchpoint Manager бағдарламасы бизнеске компания активтерін тиімді басқаруға және қорғауға мүмкіндік беретін бұлттық технологияларға негізделген АТ шешімі болып табылады. HP Touchpoint Manager зиян бағдарламалар мен басқа шабуылдардан қорғайды, құрылғының жұмысқа қабілеттілігін бақылайды және тұтынушыларға түпкі пайдаланушының құрылғысы мен қауіпсіздік мәселелерін шешуге жұмысалатын уақытты азайтуға мүмкіндік береді. Тұтынушыларға бағдарламалық құралды жылдам жүктеп орнатуға болады, бұл өзіндік стандартты шешімдермен салыстырғанда қаржы тараپынан тиімді екен.

### Қосымша қауіпсіздік кабелін орнату




**ЕСКЕРТПЕ:** Қауіпсіздік кабелі сақтандырыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін.



**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютердің қауіпсіздік кабелі үясы осы бөлімдегі суреттегіден сәл өзгешелеу болуы мүмкін. Компьютеріңіздегі қауіпсіздік кабелінің үясы орналасқан жері туралы ақпаратты [Компьютермен танысу \(4-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

1. Қауіпсіздік кабелімен қауіпсізденетін нысанды айналдыра ораңыз.
2. Кілтін (1) кабель құлпына (2) салыңыз.
3. Кабель құлпын компьютердегі қауіпсіздік кабеліне салып (3), кілтпен кабель құлпын құлыштаңыз.



### Саусақ ізін оқу құрылғысын пайдалану (тек қана таңдаулы үлгілерде)

Ішкі саусақ ізін оқу құрылғылары тек таңдаулы үлгілерде қолжетімді болады. Саусақ ізін оқу құрылғысын қолдану үшін, саусақының таңбасын HP Client қауіпсіздік деректері менеджеріне тіркеуіңіз қажет. HP Client қауіпсіздік бағдарламасының анықтамалық қызметіне жүгініңіз.

Саусақ ізін Credential Manager құралында тіrkегеннен кейін, қолдау көрсетілетін веб-тораптарда және бағдарламаларда пайдаланушы аттары мен құпия сөздерін сақтау және жазу үшін, HP Client Security бағдарламасының Password Manager құралын пайдалана аласыз.

## Саусақ ізін оқу құрылғысының орналасуы

Саусақ ізін оқу құрылғысы компьютердің төмендегі жерлерінде орналасқан кішкендей темір сенсор:

- Сенсорлы тақтаның төменгі жағының қасында
- Пернетақтаның оң жағында
- Дисплейдің үстіңгі оң жағында
- Дисплейдің сол жағында

Компьютердің улгісіне байланысты саусақ ізін оқу құрылғысы көлденеңінен немесе ұзынынан орналасуы мүмкін. Оның екі түрі де саусағынызды металды сенсордың үстіне тігінен тигізуінді талап етеді. Компьютеріңіздегі саусақ ізін оқу құрылғысының орналасқан жері туралы ақпаратты [Түймешіктер, динамиктер және саусақ ізін оқу құрылғысы \(11-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

# 10 Күтім

## Компьютерді тазалау

Компьютерді қауіпсіз түрде тазалау үшін келесі өнімдерді пайдаланыңыз:

- Диметил бензил аммоний хлоридінің 0,3 пайыздық тұнбасы (мысалы, әртүрлі компаниялар шығарған бір рет қолданылатын сүрткіштер түрінде).
- Құрамында спирті жоқ әйнек тазалағыш сұйықтық
- Жұмсақ сабын қосылған су
- Құрғак микроталшықты тазалау шүберегі немесе құдері (майланбаған жұмсақ антистатикалық шүберек)
- Антистатикалық шүберек майлыштар

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Компьютерді бір жолға зақымдауы мүмкін қатты тазартқыш еріткіштерді пайдаланбаңыз. Тазалағыш заттың компьютер үшін қауіпсіз болғанына сенімді болмасаңыз, спирт, ацетон, аммоний хлориді, метиленхлорид және көмірсутектер сияқты ингредиенттердің өнім құрамында жоқ екенін тексеріңіз.

Қағаз орамал сияқты талшықты материалдар компьютерге сызат түсіруі мүмкін. Уақыт өткенде, кір және тазалағыш заттар сываттарды бітеуі мүмкін.

## Тазалау іс рәсімдері

Осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды компьютерді қауіпсіз тазалау үшін орындаңыз.

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалуын болдырмау үшін, токқа қосулы компьютерді тазаламаңыз.

Компьютерді өшіріңіз.

Айнымалы ток көзінен ажыратыңыз.

Токқа қосылатын сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Ішкі бөліктерді зақымдамау үшін, тазалағыш заттар немесе сұйықтықтарды компьютер беткейіне тікелей шашпаңыз. Бетіне түскен сұйықтықтар ішкі бөліктердің зақым алуына әкелуі мүмкін.

## Дисплейді тазалау (көп қызметті компьютерлерде немесе ноутбуктерде)

Дисплейді жұмсақ, талшықтары жоқ, спиртсіз әйнек тазалау құралына малынған шүберекпен жайлап сүртіңіз. Дисплейді жаппай тұрып, оны құрғатып алу керек.

## Компьютердің жақтары не қақпағын тазалау

Құрылғының жақтары не қақпағын тазалау үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтарының біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, құдеріні немесе бір рет пайдаланылатын антисептикалық майлышты пайдаланыңыз.

**⚠ ЕСКЕРТПЕ:** Компьютердің бетін тазалау кезінде, ластануды және қоқымдарды кетіру үшін айналма қозғалыстар жасаңыз.

## Сенсорлы тақта, пернетақта немесе тінтуірді тазалау

**⚠ АБАЙ БОЛЫҚЫЗ!** Ишкі бөлшектерінен ток соғуды болдырмай немесе ішкі бөліктеріне зақым келтірмей тазалау үшін шаңсорғышты қолданбаңыз. Шаңсорғышты қолданғанда пернетақта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналышп қалуы мүмкін.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Ишкі бөліктерді зақымдамау үшін, сұйықтықтардың пернелер арасына тамшылап түсінеге жол берменіз.

- Сенсорлы тақта, пернетақта мен тінтуірді тазалау үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтарының біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, құдеріні немесе бір рет қолданылатын майлышты пайдаланыңыз.
- Пернелердің жабысып қалуын болдырмай, пернетақтадан шаңды, талшықтарды және қоқымдарды кетіру үшін тұтігі бар қаңылтыр бөтелкедегі қысылған ауаны пайдаланыңыз.

## Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

HP компаниясы бағдарламалар мен драйверлерді жүйелі түрде соңғы нұсқалармен жаңартуды үсынады. Ең соңғы нұсқаларды жүктеп алу үшін <http://www.hp.com/support> торабына етіңіз. Жаңартулардың бар екені туралы ескертулерді автоматтас түрде алу үшін тіркелу қажет.

## SoftPaq Download Manager құралын пайдалану

HP SoftPaq Download Manager (SDM) құралы HP бизнес компьютерлері үшін SoftPaq ақпаратын SoftPaq нөмірін енгізбестен жылдам ашуға мүмкіндік береді. Бұл құралды пайдалану арқылы SoftPaq файлдарын оңай тауып, оларды жүктеп ашуға болады.

SoftPaq Download Manager құралы HP FTP веб-торабында орналасқан компьютер үлгісі мен SoftPaq ақпараты бар дерекқор файлын оқып, оны жүктейді. SoftPaq Download Manager құралы жүктеуге болатын SoftPaq файлын анықтау үшін бір немесе бірнеше компьютер үлгісін көрсетуге мүмкіндік береді.

SoftPaq Download Manager құралы HP FTP веб-торабында дерекқор немесе бағдарламалық құралдың жаңартулары бар-жоқтығын тексереді. Егер жаңартулар табылған болса, олар жүктеліп, автоматтас түрде қолданылады.

SoftPaq Download Manager құралын HP веб-торабынан жүктеп алуға болады. SoftPaq Download Manager құралын SoftPaq файлдарын жүктеп алуға пайдалану үшін, алдымен бағдарламаны жүктеп орнатуыңыз тиіс. <http://www.hp.com/go/sdm> мекенжайы бойынша веб-торапқа етіп, SoftPaq Download Manager бағдарламалық құралын жүктеу және орнату нұсқауларын орындаңыз.

SoftPaq файлдарын жүктеп алу үшін

- ▲ Бастау экранына  әрпін жазыңыз. Іздеу жолағына softpaq деп жазып, HP SoftPaq Download Manager (HP SoftPaq жүктеу реттеушісі) пәрменін таңдаңыз. SoftPaq файлдарын жүктеу үшін нұсқауларды орындаңыз.

**⚠ ЕСКЕРТПЕ:** Пайдалануши жазбасын басқару функциясымен сұрақ қойылса, **Иә** түймешігін басыңыз.

# 11 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру

Ақпаратты қорғау үшін, Windows жүйесінің сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру утилиталары көмегімен жеке файлдардың және қалталардың сақтық көшірмелерін жасаңыз, бұкіл қатты диск жетегінің сақтық көшірмесін жасаңыз, орнатылған оптикалық диск жетегін (тек таңдаулы үлгілерде) немесе қосымша сыртқы оптикалық диск жетегін пайдаланып жүйені жөндеу дисқілерін жасаңыз (тек таңдаулы үлгілерде) немесе жүйені қалпына келтіру нұктелерін жасаңыз. Жүйе істемей қалғанда, компьютердің мазмұнын сақтық көшірме файлдарымен қалпына келтіруге болады.

Бастау экранында **восстановление** (қалпына келтіру) деп теріп, опцияны көрсетілген параметрлер тізімінен таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Сақтық көшірме жасау және қараламалық құралдардың қалпына келтіру туралы қосымша ақпарат алу үшін Windows жүйесіндегі анықтама және қолдау бөлімін қараңыз.

Жүйе тұрақсыз болса, НР компаниясы қалпына келтіру процедуralарын басып шығаруды және кейін пайдалану үшін сақтап қоюды ұсынады.



**ЕСКЕРТПЕ:** Windows жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін, пайдаланушы есептік жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) тармағын қараңыз.

## Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау

Жүйе ақаулығынан кейін жүйені қалпына келтіру және жақын арада жасалған сақтық көшірме бірдей нәтиже береді. Бағдарламалық құралды бірінші рет орнатқаннан кейін жүйені қалпына келтіру дисқілерін және бастапқы сақтық көшірмені бірден жасауыңыз қажет. Жаңа бағдарлама және деректер файлдары қосылғаннан кейін ең соғығ сақтық көшірменің жасалуын қамтамасыз ету үшін жүйенің сақтық көшірмесінің жүйелі түрде жасалып отыруын жалғастыру қажет.

Windows сақтық көшірме жасау мүмкіндіктері туралы қосымша ақпаратты және нұсқауларды «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) бағдарламасынан қараңыз.

## Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру

Жүйе қателігі немесе тұрақсыздығы орын алса, компьютер файлдарының қалпына келтіру үшін төмендегі құралдарды қамтамасыз етеді:

- Windows қалпына келтіру құралдары: Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру құралын пайдаланып бұрын сақтық көшірмесі жасалған ақпаратты қалпына келтіруге болады. Windows жүйесінің автоматты түрде жөндеу мүмкіндігінің көмегімен Windows жүйесіне дұрыс іске қосылуға кедергі жасайтын проблемаларды шешуге болады.
- f11** қалпына келтіру құралдары: **f11** қалпына келтіру құралдарын қатты дискінің бастапқы кескінің қалпына келтіру үшін пайдалануға болады. Кескінге Windows амалдық жүйесі және зауытта орнатылған бағдарламалық құрал бағдарламалары кіреді.



**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютерді іске қосу әрі бұрын жасалған жүйені жөндеу дискілерін (тек таңдаулы үлгілерде) пайдалану мүмкін болмаса, Windows амалдық жүйесінің DVD дискісін сатып алып компьютерді қайта жүктеге және амалдық жүйені жөндеу керек болады. Қосымша ақпарат алу үшін [Windows амалдық жүйесінің дискісін \(бөлек сатылады\) пайдалану \(76-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

## Windows қалпына келтіру құралдарын пайдалану

Ақпаратты бұрын жасалған сақтық көшірмeden қалпына келтіру үшін файлдар мен қалталарды қалпына келтіру туралы нұсқауларды Windows «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) бағдарламасынан қараңыз.

Автоматты түрде жөндеу көмегімен ақпаратты қалпына келтіру үшін, мына қадамдарды орындаңыз:



**ЕСКЕРТУ:** Кейбір Startup Repair опциялары қатты дискін мүлдем жойып, қайта пішімдейді. Жасалған барлық файлдар мен компьютерге орнатылған кез-келген бағдарламалық құрал біржолата жойылады. Қайта пішімдеу аяқталғанда, қалпына келтіру процесі қалпына келтіру сақтық көшірмесінен амалдық жүйені, сондай-ақ драйверлерді, бағдарламалық құралдарды және утилиталарды қалпына келтіреді.

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Мүмкін болса, бейнені қалпына келтіру бөлімінің және Windows бөлімінің бар-жоғын тексеріңіз.

Бастау экранында **файл** сөзін жазып, **Проводник** (Жетектеуші) белгішесін басыңыз.

– немесе –

Бастау экранына **pc** (пк) әріптерін жазып, **Этот компьютер** (Осы ДК) тармағын таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Егер Windows және бейнені қалпына келтіру бөлімдері тізімде болмаса, амалдық жүйені және бағдарламаларды Windows амалдық жүйесінің дискісі және **Драйверді қалпына келтіру** дискісі арқылы (екеуі де бөлек сатып алынады) қалпына келтіру керек. Қосымша ақпарат алу үшін [Windows амалдық жүйесінің дискісін \(бөлек сатылады\) пайдалану \(76-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

3. Егер Windows бөлімі мен Recovery Image (Суретті қалпына келтіру) бөлігі көрсетілсе, **Shift** пернесін **Перезагрузить** (Қайта қосу) түймешігімен бірге басу арқылы компьютерді қайта іске қосыңыз.
4. **Устранение неполадок** (Ақаулықтарды жою) пәрменін таңдап, **Дополнительные параметры** (Қосымша параметрлер) опциясын және **Восстановление при загрузке** (Қосылғанда жөндеу) параметрін таңдаңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Windows құралдарымен ақпаратты қалпына келтіру туралы қосымша ақпарат алу үшін, Windows жүйесінің «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) қызметінен осы тақырыптарды ізденіз.

## f11 қалпына келтіру құралдарын пайдалану



**ЕСКЕРТУ:** f11 пернесін пайдалану қатты дисктегі мазмұнды толығымен жойып, оны қайта пішімдейді. Жасалған барлық файлдар мен компьютерге орнатылған кез-келген бағдарламалық құралдар біржолата жойылады. f11 қалпына келтіру құралы зауытта орнатылған амалдық жүйені және НР бағдарламалары мен драйверлерін қайта орнатады. Зауытта орнатылмаған бағдарламалық құралдарды қайта орнату керек болады.

Түпнұсқалық қатты диск кескінін **f11** көмегімен қалпына келтіру үшін:

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Мүмкін болса, бейнені қалпына келтіру бөлімінің бар-жоғын тексеріңіз: Бастау экранына **PC** (пк) әріптерін жазып, **Этот компьютер** (Осы ДК) тармағын таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Бейнені қалпына келтіру бөлімі тізімде болмаса, амалдық жүйе мен бағдарламаларды Windows амалдық жүйесінің дискісін мен *Драйверді қалпына келтіру* дискісін (екеуі де бөлек сатылады) пайдаланып қалпына келтіру керек болады. Қосымша ақпарат алу үшін [Windows амалдық жүйесінің дискісін \(бөлек сатылады\) пайдалану \(76-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

3. Егер бейнені қалпына келтіру бөлімі тізімде болса, компьютерді өшіріп қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
4. Экранда «Press <F11> for recovery» (Қалпына келтіру үшін F11 пернесін басыңыз) хабары шыққанда **F11** пернесін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Windows амалдық жүйесінің дискісін (бөлек сатылады) пайдалану

